

ЕГІН ОРАҒЫ БАСТАЛДЫ! ІСКЕ СӘТ, ДИХАНДАР!


№ 34 (7726)
19.08.2016
ЖҰМА

Газет - халықтың көзі, құлағы һәм тілі (А.Байтұрсынов)

Аманкелді райы

Ауғандық анталық газет

e-mail: amangeldy-arai@mail.ru



А.Иманов

АУДАН АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫ ТАУАР ӨНДІРУШІЛЕРІНІҢ АГРОКЕҢЕСІ ӨТТІ ДИХАНДАР АУДАН БОЙЫНША ӘР ГЕКТАР ЖЕРДЕН ӘЗІРГЕ 10-11 ЦЕНТНЕРДЕН АСТЫҚ ЖИНАУҒА СЕНДІРДІ

2016 жылдың 16 тамызы күні сағат 11-де аудан әкімі аппаратының мәжіліс залында аудан ауылшаруашылығы тауар өндірушілерінің агрокеңесі өтті.

Кенес жұмысына ауданымыздың барлық астық өсіруші жауапкершілігі шектеулі серіктестіктері мен шаруа қожалықтарының төрағалары және аудан мекеме, кәсіпорын басшылары қатысты.

Агрокеңесті аудан әкімі Н.Қ.Өтегенов кіріспе сөз сөйлеп ашып, жүргізіп отырды.

Кенесте аудан әкімінің орынбасары Т.Т.Карбозов «Аудан бойынша егін жинау жұмыстарын жүргізуге дайындық және ауыл шаруашылығы саласында қаралған мемлекеттік бағдарламалардың орындалуы барысы туралы» баяндама жасады.

- Агроөнеркәсіп кешенін тұрақты дамыту, өндірілетін ауылшаруашылығы өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру - мемлекет басшысы белгілеген таяудағы жылдарға арналған аграрлық саясаттың стратегиялық бағыты болып табылады. Қойылып отырған міндеттерді орындаудың жолдары - инновациялық технологияларды енгізу, саланы диверсификациялау, мал шаруашылығын үдемелі дамыту, сыртқы және ішкі нарықта сұраныс туып отырған өнімдерді өндіруді ұлғайту.

Осы бағытта 46400 гектар жерге ылғал жабылды, 24100 гектар жерге егісальды химиялық өңдеу жүргізілді.

2016 жылы 105 266 гектар жерге ауыл шаруашылығы дақылдары онтайлы себілді. Мұның ішінде 101 474 гектарға дәнді-дақылдар (98374 га бидай, 2700 га арпа, 400 га сұлы) 3467 гектарға біржылдық шөптер, 133 гаға астық тұқымдас көпжылдық шөптер, 64,5 га картофель, 67,5 гаға көкөністер және 60,0 гаға бакша дақылдары отырғызылды.

Егіс құрылымдағы бидайдың үлесін азайту, майлы дақылдар мен мал азығы дақылдарының үлесін көбейту жылда сөз болып жүргенімен әзірге бетбұрыс болмай отыр.

Аудан шаруашылықтарында жалпы сыйымдылығы 24 000 тонна астық қоймалары бар. Бұл өндірілетін астықтың 25 пайызын ғана қамтиды.

Егін жинау жұмыстарын ұйымшылдықпен өткізудің негізгі элементтерінің бірі - егін жинау техникаларының науқанды дайындығы. Күзгі дала жұмыстарын жүргізуге облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы тарапынан 1613 тонна арзандатылған дизель отыны бөлінді. Арзандатылған бағамен (литрі 96 теңгеден аспайды) босатылатын дизель отынын операторлар («БЕСТАУ - 777» ЖШС-гі - 500 тонна, «ҚазМұнайГаз Өнімдері» ЖШС-нен - 613 тонна және «Қостанай Мұнай Өнімдері» ЖШС-нен 500 тонна). «БЕСТАУ - 777» ЖШС-гі мен «ҚазМұнайГаз Өнімдері» ЖШС Арқалық



қаласындағы «Иволга-Холдинг» ЖШС-нің базасынан босатуда. Шаруашылықтарға тегіс хабарланды. «ҚазМұнайГаз Өнімдері» ЖШС-мен бүгінге текті 338,0 тоннаға шартқа отырды, 117,3 тоннасының ақшасы төленді, тасылғаны 28,5 тонна ғана. «БЕСТАУ - 777» ЖШС-гі мен 108 тоннаға шартқа отырды, 52,0 тоннасының ақшасы төленді, 68,5 тоннаға шартқа отырды, 38,4 тасылып алынды, «Қостанай Мұнай Өнімдері ЖШС бойынша 302,8 тоннаға шартқа отырды, 145,5 тоннаға ақша төленіп, 40,1 тонна тасылып алынды. Жалпы аудан бойынша 748,8 тоннаға шартқа отырылса, 315,1 тоннасының ақшасы төленіп оның 107,0 тоннасы тасылып

алынды. Көріп отырсыздар қарқын өте төмен. Қалған шаруашылықтар бір тоқтамға келіп, алмайтын болса бас тартулары керек болмаса тездетіп тасып алулары қажет.

Егін орағын жүргізуге қажетті комбайндар, тракторлар мен ауыл шаруашылығы машиналары негізінен дайын тұр. Жалпы егін шаруашылығымен айналысатын округтерде барлығы 162 дана комбайндар, оның ішінде 14 дана «Джон Дир», 21 дана «Вектор», 7 дана «Есиль», 9 дана «Дон 1500» сияқты өнімділігі жоғары комбайндар бар, барлығы 51 дана немесе қолда бар комбайндардың 32 пайызын құрайды. 270 дана трактор, үлкен сыйымдылықты 116 дана трактор тіркемелері, 86 дана жүк тасымалдау көліктері, оның ішінде 70 дана Камаз автокөліктері тіркемелерімен. Аудан шаруашылықтарында машина-трактор паркін жаңалау бағытында біршама жұмыстар атқарылды. 2012 - 2015 жылдар аралығында шаруашылықтар жаңадан әр түрлі модификациядағы 41 МТЗ Беларусь

жасы» ҰҚ» акционерлік қоғамы арқылы шаруашылықтарға көктемгі дала жұмыстарын жүргізу үшін аудан бойынша 104 млн. 200 мың теңге бюджеттік кредит берілді. Соның арқасында көптеген шаруашылықтар көктемгі дала жұмыстарын ойдағыдай өткізді. Ендігі міндет осы несиені уақытылы қайтару болмақ. Несие алған шаруашылықтар бірінші кезекте бидайларын осы берешек есебіне тапсырулары керек. Бидайдың сатып алу бағасы мен сапалық параметрлері әлі бекітілген жоқ, дегенмен жылдағы үрдіске сәйкес қыркүйектің басына дейін белгілі болуы керек. Биыл шартқа сәйкес несие бидаймен қайтарылуы керек, - деді.

Баяндаманы талқылауға ақсайлық шаруа қожалығының төрағасы Қ.Балғұраев, «Аманкелді финан» ЖШС төрағасы Д.Князев қатысты.

Жарыссөзге шыққан Қали Балғұраев биыл егіннің бітік шыққанын айта келе, қарамағындағы егіндік жердің әр гектарынан



12-15 центнерден астық жинауға мүмкіндік бар, - деді.

Агрокеңесті аудан әкімі Н.Қ.Өтегенов қорытындылады. Ол өңір бойынша егін орағы науқанына қалыптасып отырған дайындық барысына кенінен тоқталды. Науқанды ойдағыдай жүргізу үшін дайындық жұмыстарын әлі де жан-жақты пысықтауды алға қойды. Сол сияқты, егін шаруашылығымен қатар мал шаруашылығын да бүгінгі өркениетті заман талабына сай дамыту кергін атап көрсетті.

Аудан басшысы қорытынды сөздің соңында аудан дихандарына 2016 жылдың егін орағын табысты жүргізулеріне сәттілік тіледі.

Суреттерде: агрокеңестен көріністер.

МЕМОРАНДУМҒА ҚОЛ ҚОЮ ЖАЛҒАСТЫ

2016 жылдың 15 тамызы күні сағат 9-да аудан әкімі аппаратының мәжіліс залында Аманкелді ауданында 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің 100 жылдығын дайындау мен атап өтудің жоспарын іске асыру барысына арналған меморандумға қол қою рәсімі одан әрі жалғасты.

Рәсімді аудан әкімі Н.Қ.Өтегенов кіріспе сөз сөйлеп ашып, ұлт-азаттық көтерілістің 100 жылдығын атап өтуге аудан кәсіпкерлері белсене атсалысып, үлес қосып келе жатқанын атап өтті.

Осы күні Амантоғай ауылдық округіндегі «Рахымбек», «Бектұр-С», «Шерхан» шаруа қожалықтары атынан кәсіпкер Өмірзақ Рахымбекұлы Ильясов пен Қарынсалды ауылдық округі бойын-

ша «Нарбай» шаруа қожалығының төрағасы Таңатар Ғабдуәлиұлы Ахметов меморандумға қол қойды.

Меморандум бойынша Өмірзақ Рахымбекұлы 3 шаруашылық негізінде 1 562 400 теңгеге, ал Таңатар Ғабдуәлиұлы 104 400 теңгеге қол қойды. Бұл қаржылар таяудағы уақытта «Аманкелді» қорына түсетін болады.

Аудан басшысы меморандумға қол қойған екі азаматқа аудан халқы мен басшылығы атынан алғыс айтып, еңбектеріне табыс тіледі.

Сөйтіп, бұл күні 1 666 800 теңгеге қол қойылды.

Бұрынғы 24 345 400 теңгеге 1 666 800 теңгені қосқанда «Аманкелді» қорына барлығы 26 012 200 теңге қаржы құйылатын болды.

Меморандумға қол қою рәсімін-



де аудан әкімінің орынбасары Т.Т.Карбозов сөз сөйлеп, 100 жылдық тойды өткізуге 1 айдай ғана уақыт қалғанын, сондықтан ауданның меморандумға қол қойған серіктестіктері мен шаруа қожалықтарының директорлары мен төрағалары көрсетілген қаржыны «Аманкелді» қорына тездетіп түсіруді атап өтті.

АУДАН БАСШЫСЫ ҚҰТТЫҚТАДЫ

Кезекті аппараттық кеңесінде аудан басшысы Н.Қ.Өтегенов таяуда өткен баламалы сайлауда басым дауыспен Қабырға ауылдық округінің әкімі болып сайланған Ардақбек Несіпбекұлы Оспанбекті сайлаудағы жеңісімен және әкім болып сайлануымен, сонымен қатар мемлекеттік қызметтегі алғашқы қадамына сәттілік тілеп, құттықтады.

БІРЖАРЫМЖЫЛДЫҚ ШӨП ҚОРЫ ЖАСАЛДЫ

Биылғы жылы ауданымыздың шабындықтарына тасыған су мол түсті. Нәтижесінде, бітік шөп өсіп шықты. Пішіншілер шөп шабуды дәл уақытында бастап, күні кешелері науқанды сәтті қорытындылады. Аудан бойынша биыл 135 300 тонна мал азығын дайындау жоспарланған еді. Осы жоспар - 137 700 тоннаға яғни 101,7 пайызға орындалды. Мал азығын дайындауға аудандағы барлық 11 селолық, ауыл және ауылдық округтердің кәсіпкерлері ұйымшылдықпен қатынасты.

Дайындалған шөптің барлығы да тиісті қыстақтар басына тасылып, үйіліп қойылды. Мал азығының 1,5 жылдық берік қоры жасалды.

ЖЕРГІЛІКТІ АТҚАРУШЫ ОРГАНДАРДА КӨРСЕТІЛЕТІН МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ САПАСЫН АРТТЫРАЙЫҚ

«Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Заңға сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызмет дегеніміз – қызметті алушылардың өтініші бойынша жеке тәртіппен жүзеге асырылатын және олардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін іске асыруға, оларға тиісті материалдық немесе материалдық емес игіліктер беруге бағытталған жекелеген мемлекеттік функцияларды іске асыру болып табылады.

ҚР Үкіметінің 2013 жылғы 18 қыркүйектегі № 983 қаулысымен мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізілімі бекітілді, тізілімге 2015 жылғы 31 желтоқсанда ҚР Үкіметінің қаулысымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

Осы өзгерістерге сәйкес қазіргі уақытта Амангелді ауданының жергілікті атқарушы органдарында тізілім бойынша 95 мемлекеттік қызмет түрі көрсетіледі, олардың стандарттары мен регламенттері бекітілген.

Ағымдағы жылы Қостанай облысы аумағын дамытудың 2016-2020 жылдарға арналған бағдарламасы бекітілген болатын. Бағдарламада басым бағыттардың бірі - мемлекеттік көрсетілетін қызметтер бағыты болып табылады. Мемлекеттік қызмет көрсету бағытындағы индикаторларға жеке-жеке тоқталсақ, жергілікті атқарушы органдарда көрсетілген мемлекеттік көрсетілген қызметтерге қанағаттану деңгейі индикаторында пайыздық көрсеткіш 2016 жылы 89%, 2020 жылы 95% көрсетуі қажет, «электрондық үкімет» порталы арқылы мемлекеттік қызмет көрсету деңгейі 2016 жылы 32%, 2020 жылы 72% болуы қажет, Халыққа қызмет көрсету орталығы арқылы мемлекеттік қызмет көрсету деңгейі 2016 жылы 63%, 2020 жылы 92% болуы қажет, көрсетілген мемлекеттік қызметтердің мерзімін, яғни қызмет көрсету уақытының бұзылу деңгейі 2016-2020 жылдары 10% аспауы қажет, ауданымызда қызмет көрсету мерзімінің бұзылу фактілері 2016 жылы орын алған жоқ, 2015 жылы 4 мемлекеттік қызмет мерзімінен асыру арқылы көрсетілген болатын (2015 жылы қараша айында жұмыспен камту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінде 4 қызмет техникалық ақау салдарынан мерзімін сақтамау арқылы көрсетілді, жауапты маман уақытында техникалық ақау туралы акт толтырмағандықтан тәртіптік жаза алды). Соңғы индикатор көрсетілген мемлекеттік қызметтерге шағым жасау деңгейі 2016-2020 жылдары 5% деңгейінен аспауы қажет, 2015-2016 жылдары көрсетілген қызметтерге шағым жасау фактілері тіркелген жоқ.

Енді, ХҚКО арқылы және электронды түрде көрсетілген мемлекеттік қызметтерге тоқтала кетсек, аудан әкімдігінің бөлімдерінде қазіргі уақытта барлық 95 мемлекеттік қызметтің 61 қызмет түрі баламалы болып табылады. Кәсіпкерлік және ауылшаруашылығы бөлімінде 14 қызметтің 12 қызметін баламалы түрде көрсетуге болады, ветеринария бөлімінде 4 қызметтің 3 қызметін баламалы түрде көрсетуге болады, АХАТ қызметінде 9 қызмет түрінің 7 қызметін баламалы түрде көрсетуге болады, білім беру бөлімінде 24 қызмет түрінің 12 қызметін баламалы түрде көрсетуге болады, жұмыспен камту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінде 18 қызмет түрінің 11 қызметін баламалы түрде көрсетуге болады, құрылыс, архитектура және қала құрылысы бөлімінде 5 қызмет түрінің барлығын баламалы түрде көрсетуге болады, жер қатынастары бөлімінде 9 қызметтің 7 қызметін баламалы түрде көрсетуге болады, дене шынықтыру және спорт бөлімі мемлекеттік органда өтініш қабылдамайды, өтініш тек ХҚКО арқылы қабылданады.

2016 жылы осы индикаторлар бойынша жасалған жұмыстардың көрсеткіштеріне тоқталып өтейік,

2016 жылдың 7 айында Амангелді ауданы бойынша 52 қызмет түрі бойынша барлығы 4824 мемлекеттік қызмет көрсетілді (2015 жылдың 7 айында 4806 қызмет), оның 3106 қызметі тек мемлекеттік органда (2015 жылы 4252 қызмет), 1439 қызметі ХҚКО арқылы (2015 жылы 446 қызмет), 279 қызметі «электронды үкімет» порталы арқылы (2015 жылы 108 қызмет) көрсетілген. Мемлекеттік органдарда көрсетілген 3106 қызметтің 2501 қызметін, яғни 80% ХҚКО арқылы немесе электронды түрде көрсетуге болатын қызметтер, қалған 20%-ы қызмет көрсету стандарты бойынша тек мемлекеттік органда көрсетілетін қызметтер.

Осы баламалы түрде көрсету мүмкін болған, алайда мемлекеттік органда көрсетілген қызметтерді мекемелерге тарататын болсақ:

- білім беру бөлімінде барлығы 374 қызмет көрсетілген, баламалы түрде көрсету мүмкін болған қызметтер 133, баламалы түрде көрсетілгені 129 қызмет, орындалуы 96%;
- жұмыспен камту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінде барлығы 2702 қызмет көрсетілген, баламалы түрде көрсету мүмкін болған қызметтер 2642, баламалы түрде көрсетілгені 700 қызмет, орындалуы 26,5%;
- АХАТ қызметінде барлығы 491 мемлекеттік қызмет көрсетілген, баламалы түрде көрсету мүмкін болған қызметтердің саны 288 қызмет, баламалы түрде көрсетілгені 265 қызмет, орындалуы 92%;

- кәсіпкерлік және ауылшаруашылығы бөлімінде 2016 жылы барлығы 284 қызмет көрсетілген, баламалы түрде көрсету мүмкін болған қызметтер саны 260, баламалы түрде көрсетілгені 199 қызмет, орындалуы 76% құрады;

- құрылыс, архитектура және қала құрылысы бөлімінде барлығы 111 мемлекеттік қызмет көрсетілген, баламалы түрде көрсету мүмкін болған қызметтердің саны 21, баламалы түрде көрсетілгені 21 қызмет, орындалуы 100% құрады;

- жер қатынастары бөлімінде барлығы 25 қызмет көрсетілген, баламалы түрде көрсету мүмкін болған қызметтер саны 25, баламалы түрде көрсетілгені 24 қызмет, орындалуы 96% құрады;

- ветеринария бөлімінде 377 қызмет көрсетілген, баламалы түрде көрсету мүмкін болған қызметтер саны 101, 2016 жылы баламалы түрде қызмет көрсетілген жоқ. Бөлімде «электрондық үкімет» порталы арқылы баламалы түрде көрсетуге болатын 3 мемлекеттік қызмет бар, оларды қазіргі уақытта портал арқылы көрсетуге техникалық мүмкіндік жоқ. Ветеринария бөліміне Бірінғай көлік ортасы (ЕТС канал) каналын қосу үшін 2015 жылы және 2016 жылы екі рет «Қазақтелеком» АҚ-на сұраныс жіберген болатынбыз, қазіргі уақытта Қазақтелекомнан арнай канал тарту үшін порт жоқ деген жауап келді, қашан болатыны белгісіз;

- ауыл және ауылдық округ әкімі аппараттарында барлығы 405 қызмет көрсетілген, оның 381 қызметі баламалы көрсету мүмкін болғанымен, тек 12 қызметі ғана электронды түрде көрсетілген, орындалуы 3%;

- тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі, дене шынықтыру және спорт бөлімі, экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімдерінде көрсетілген қызметтер баламасыз тек мемлекеттік мекемеде немесе ХҚКО арқылы көрсетілгендіктен, бөлімдерде көрсетілген қызметтер баламалы түрде көрсетілетін қызметтер рейтингіне кірмейді.

Баламалы түрде ХҚКО арқылы және «электрондық портал» арқылы көрсетілген қызметтерге жеке жеке талдау жасасак:

- Баламалы түрде ХҚКО арқылы



Абай ШҮКЕНОВ,
аудан әкімі аппаратының
басшысы

қызмет көрсету пайыздық көрсеткіші жоғары мекемелер, білім беру бөлімі 60%, АХАТ қызметі 97%, кәсіпкерлік және ауылшаруашылығы бөлімі 89%, құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі 100%, жер қатынастар бөлімі 95%, ал көрсеткіші төмен мекемелер Жұмыспен камту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі 27% және ауыл, ауылдық округ әкімі аппараттары 0% болып отыр.

«Электрондық үкімет» порталы арқылы пайыздық көрсеткіші жоғары мекемелер білім беру бөлімі 98% және жер қатынастар бөлімі 100% бойып отыр. Көрсеткіші төмен мекемелер жұмыспен камту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі 12%, кәсіпкерлік және ауылшаруашылығы бөлімі 25%, ауыл және ауылдық округ әкімі аппараттары 3% және ветеринария бөлімі 0% болды.

2016 жылдың 7 айының қорытындысымен салыстыратын болсақ, 2015 жылы ХҚКО арқылы немесе электронды түрде көрсетуге болатын қызметтерді мемлекеттік органда көрсетіп, төмен нәтиже беріп отырған жұмыспен камту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі (ХҚКО арқылы және электронды түрде қызмет көрсету пайызы 1%), кәсіпкерлік және ауылшаруашылығы бөлімі (ХҚКО арқылы және электронды түрде қызмет көрсету 4%), жер қатынастары бөлімін (ХҚКО арқылы және электронды түрде қызмет көрсету 60%), және ветеринария бөлімін (ХҚКО арқылы және электронды түрде қызмет көрсету 0%) атап өтуге болады.

Аталған бөлімдер 2016 жылы осы бағыт бойынша жұмыс атқарудың нәтижесінде жақсы көрсеткіштерге жетіп отыр, 7 айдың қорытындысы бойынша жер қатынастары бөлімі ХҚКО арқылы және электронды түрде қызмет көрсету деңгейін 96% жеткізді, кәсіпкерлік және ауылшаруашылығы бөлімі 76% жеткізді, жұмыспен камту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі 26,5% көрсеткішке жетті, тек ветеринария бөлімінде ғана техникалық себептерге байланысты жұмыс жасалмай отыр.

2016 жылы қызмет көрсетуде пайыздық үлесі жоғары ауыл және ауылдық округ әкімі аппараттары мен жұмыспен камту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінде көрсетілетін мемлекеттік қызметтерді баламалы түрде көрсетуге жұмыстар жасалған болатын, атап айтсақ, «Он сегіз жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақы тағайындау» қызметінде 2016 жылдан бастап ХҚКО арқылы құжат қабылданауда, ауыл, ауылдық округ әкімі аппараттарында «Жеке қосалқы шаруашылықтың бар болуы туралы анықтама беру» қызметін «электронды үкімет» порталы арқылы көрсетуге жұмыстар жасалды, қазіргі уақытта аталған қызмет бойынша портал арқылы 12 қызмет көрсетілген, ендігі жұмыс осы қызметті портал арқылы алуды тұрғындар арасында насихаттау болып отыр.

Сондай-ақ, кәсіпкерлік және ауылшаруашылығы бөлімінде «Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығы өнімінің өнімділігін және сапасын арттыруды субсидиялау», «Тракторларға ауыртпалықтың жоқ (бар) екендігі туралы ақпарат беру» қызметтері пилоттық режимде ХҚКО арқылы қабылданауда.

2016 жылдың 7 ай қорытындысы бойынша аудан бойынша ХҚКО арқылы қызмет көрсету деңгейі 34% (2015 жылы 10%), электронды түрде қызмет көрсету деңгейі 17,7% (2015 жылы 2,5%) құрады, бұл көрсеткіш Қостанай облысы аумағын дамытудың 2016-2020 жылдарға арналған бағдарламасын орындау үшін жеткіліксіз (тиісінше 63% және 32%) . Бағдарлама бойынша жоспардың орындалуына кедергі болып отырған мәселелерге тоқтала кетсек:

- жұмыспен камту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінде көрсетілетін «Он сегіз жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақы тағайындау» мемлекеттік көрсетілетін қызметінің ауыл, ауылдық округтерде пайыздық мөлшері жоғары, аталған қызмет бойынша 2016 жылы 1325 мемлекеттік қызмет аудан орталығынан басқа ауылдық округтерден қабылданған (ХҚКО арқылы көрсетілуі мүмкін барлық қызметтің 43% құрайды), ауылдық округтерден бұл қызметті алу үшін аудандық ХҚКО орталығына келуге тұрғындардың жағдайы көтере бермейді. 2016 жылдың 2-тоқсанында ауылдық округтерден орталықтандырылған түрде ХҚКО-на құжат тапсыруға жұмыс жасап көрген болатынбыз, алайда ауыл әкімі аппараттары бас мамандарының нотариалдық іс-әрекет жасау үшін аттестациядан өтпегендігі кедергі болды. Жоспар бойынша ағымдағы жылдың 29 қыркүйегінде ауылдық округтердің бас мамандары Әділет басқармасында нотариалдық іс-әрекет жасау үшін аттестациядан өтеді және орталықтандырылған құжат тапсыру жұмыстары жасалады. Сонымен қатар, аудандық ХҚКО-ның клиент қабылдау мүмкіндігі де шектеулі, бір күнде 20-30 клиент қана өткізеді. Алыс ауылдардан келген тұрғындар бір қызмет алу үшін бірнеше күн күте алмайтыны анық. Алдағы тоқсанда «Он сегіз жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақы тағайындау» қызметін ХҚКО арқылы алу үшін құжат тапсыруға әр ауылдық округке кесте беріледі, сол кесте бойынша құжат қабылдау жүргізіледі.

Сондай-ақ, жұмыспен камту және әлеуметтік бағдарламалар бөліміне қарасты Жұмыспен камту орталығында «Жұмыссыз азаматтарды тіркеу және есепке қою», «Адамдарға жұмыспен камтуға жәрдемдесудің белсенді нысандарына қатысуға жолдамалар беру» мемлекеттік қызметтерді көрсетіледі, аталған қызметтер бойынша 2016 жылы барлығы 588 мемлекеттік қызмет мемлекеттік органда көрсетілген (электронды түрде көрсетілуі мүмкін барлық қызметтің 41% құрайды). Бұл мемлекеттік қызметтер «электрондық үкімет» порталы арқылы көрсетіледі. Жұмыссыздыққа тіркелуге келген қызмет алушыларды портал арқылы тіркеуге ешқандай кедергі жоқ, портал арқылы қалай жұмыс жасау керектігі бөлім мамандарына түсіндірілген, алайда бөлім қызметкерлері қызмет көрсетудің оңай жолы – қағаз түрінде жұмыс жасап отыр.

- ауыл және ауылдық округтерде көрсетілетін «Жеке қосалқы шаруашылықтың бар екендігі туралы анықтама беру» қызметі бойынша 2016 жылы 369 мемлекеттік қызмет көрсетілген (электронды түрде көрсетілуі мүмкін барлық қызметтің 10%). Бұл қызметті алу да интернет мәселесі кедергі

болып отыр, қызмет алуға келген тұрғындарға ауыл әкімі аппараттары қағаз жүзінде қызмет көрсетуге мәжбүр. Сонымен қатар, жеке қосалқы шаруашылық кітабының «электрондық үкімет» порталына енгізу жұмыстарының жүргізілмеуі де кедергі болып отыр, мәселен, қазіргі уақытта порталда тек Қарасу, Қарынсалды, Үрпек ауылдық округтерінің ғана бас кітаптары жұмыс істеп тұр. Қалған ауылдар жұмысты толық аяқтаған жоқ, Амангелді ауылдық округі әкімі аппараты шаруашылық кітабын порталға енгізсе, «Жеке қосалқы шаруашылықтың бар екендігі туралы анықтама беру» қызметін алу үшін аудан орталығының тұрғындарын ХҚКО-на жіберуге немесе үйде отырып портал арқылы алуына жағдай жасауға болар еді.

- үшінші мәселе ветеринария бөлімінде болып отыр, бөлімде 2016 жылы 101 мемлекеттік қызмет көрсетілген (электронды түрде көрсетілуі мүмкін барлық қызметтің 7%). барлығы да портал арқылы көрсетуге болатын баламалы мемлекеттік қызметтер. Бөлімде электронды түрде қызмет қабылдау үшін жоғарыда айтылғандай, бірінғай көлік ортасын жүргізу қажет. «Қазақтелеком» АҚ-на сұраныс жіберілген, енді ветеринария бөліміне Қазақтелекоммен келісіп порт мәселесін шешу қажет.

2016 жылдың 1-тоқсаны қорытындысы бойынша болған жиында жергілікті атқарушы органдарға тапсырмалар берілген болатын, атап айтқанда:

Жұмыспен камту және әлеуметтік бағдарламалар бөліміне ХҚКО арқылы қызмет көрсету деңгейі 60% жеткізу, портал арқылы қызмет көрсету деңгейін 50% жеткізу тапсырылған болатын, қызіргі уақытта қызмет көрсету деңгейі тиісінше 27% және 12% құрады.

Кәсіпкерлік және ауылшаруашылығы бөліміне «Тракторларды және арнайы машиналарды жыл сайынғы мемлекеттік техникалық байқаудан өткізу», «Тракторларды және арнайы машиналарды жүргізу құқығына куәліктің беру», «Тракторларды және арнайы машиналарды сенімхат бойынша жүргізетін адамдарды тіркеу» қызметтерін «электронды үкімет» порталы арқылы көрсетуге жұмыс жасау, «Тракторларға және арнайы машиналарға ауыртпалықтың жоқ (бар) екендігі туралы ақпарат беру», субсидия беруге қатысты барлық қызметті ХҚКО арқылы қабылдауға жұмыс жасау, ХҚКО арқылы мемлекеттік қызмет көрсету деңгейін 80%, «электронды үкімет» порталы арқылы өтініш қабылдауды 50% жеткізу тапсырылды.

Жоғарыда аталған қызметтер қазіргі уақытта ХҚКО арқылы немесе электронды түрде қабылданады, ХҚКО арқылы қызмет көрсету 81% құрады, тек электронды түрде қызмет көрсету деңгейі 25% құрап тапсырма толық орындалмай отыр.

Білім беру бөліміне «электронды үкімет» порталына жаңадан қосылған мемлекеттік қызметтерді электронды түрде көрсету, жыл қорытындысында электронды түрде қызмет көрсету деңгейін 90% төмен түсірмеу тапсырылған болатын. Бөлімде электронды түрде көрсетілетін «Мектепке дейінгі балалар ұйымдарына жіберу үшін мектепке дейінгі жастағы (7 жасқа дейін) балаларды кезекке қою» қызметінен басқа электронды қызметтерге сұранысы болған жоқ. Аталған қызмет бойынша барлық 125 қызмет портал арқылы көрсетілді. Электронды түрде қызмет көрсету 98% құрады.

Қостанай облысы аумаған дамытудың 2016-2020 жылдарған арналған бағдарламасының орындалуы әр мекемеге тікелей байланысты, осы хабарламадан көріп отырғандай 2016 жылдың 7 айлық қорытындысы төмен көрсеткіште, сондықтан мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді сапалы, мерзімінде әрі баламалы түрде көрсетуіміз қажет.

ЕГІН ОРАҒЫН ТАБЫСТЫ ӨТКІЗІП, МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАРДЫ ОРЫНДАЙЫҚ

Агроөнеркәсіп кешенін тұрақты дамыту, өндірілетін ауылшаруашылығы өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру - мемлекет басшысы белгілеген таяудағы жылдарға арналған аграрлық саясаттың стратегиялық бағыты болып табылады. Қойылып отырған міндеттерді орындаудың жолдары – инновациялық технологияларды енгізу, саланы диверсификациялау, мал шаруашылығын үдемелі дамыту, сыртқы және ішкі нарықта сұраныс туып отырған өнімдерді өндіруді ұлғайту.

Бүгінгі кеңес жауапты науқан алдында өтіп отыр және оның басты мақсаты өсірілген астықты төкпей-шашпай ысырапсыз жинап алу жолдарын қарастыру.

Осы жерде айта кетуіміз керек аудан шаруашылықтарында егіс жұмыстары онтайлы мерзімдерде аяқталып, тиісті өңдеулер жасалып, егістерден мол өнім алуға алғы шарттар жасалды. Атап айтқанда 46400 га жерге ылғал жабылды. 24100 га жерде егіс алды химиялық өңдеу жүргізілді.

2016 жылы 105266 га жерге ауыл шаруашылығы дақылдары онтайлы мерзімдерде себілді немесе отырғызылды. Оның ішінде 101474 га дәнді дақылдар (98374 га бидай, 2700 га арпа және 400 га сұлы), 3467 га бір жылдық шөптер, 133 га астық тұқымдас көп жылдық шөптер, 64,5 га картофель, 67,5 га көкөністер және 60,0 га бақша дақылдары. Егіс құрылымындағы бидайдың үлесін азайту, майлы дақылдар мен мал азығындық дақылдардың үлесін көбейту мәселесі жылда сөз болып жүргеннен әзірге бетбұрыс болмай отыр. Майлы дақылдар егісі былтырғы жылы 1700 га құраса былтырғы жылы бірде-бір гектар егілген жоқ, ал мал азығындық бір және көпжылдық шөптер биыл былтырғы жылмен салыстырғанда бес есеге көбейіп 3600 гектарды құрады. Дегенмен бұл өте аз, осы дақылдарға төленетін субсидия көлемінің гектарына 5 мың теңге екенін, әрі егін шаруашылығымен айналысатын округтердің барлығында дерлік табиғи шабындық көлемі жеткіліксіз екенін ескерсек, егістік жерлердің бір бөлігін осы дақылдарға бөлген дұрыс болар еді. Бір жағынан ауыл шаруашылығы құрылымдарына алға қойылған міндеттердің бірі диверсификациялау немесе ауыл шаруашылығы өндірісін әртараптандыру тапсырмасын орындауға, екінші жағынан егістік жерлердің құнарлылығын сақтап, тиімді пайдалану мақсатында ауыспалы егіс жүйесіне көшуге мүмкіндік болар еді.

Биылғы жылы 48 400 га егістерде арам шөптерге және 73250 га жерде үйірлі шегірткелерге қарсы химиялық күрес жүргізілді. Шаруашылықтар 156 429 927 теңгенің гербицидтерін сатып алды. Оларға жалпы көлемі 78 174 003 теңге субсидия есептеліп, тамыздың 16-на сәйкес түгелдей дерлік шаруашылықтардың есеп шоттарына аударылды. Қалған бір-екі шаруашылықтың сомалары таяудағы күндері аударылады. Биылғы жылдан бастап кай елде өндірілгеніне қарамастан сатып алынатын гербицидтердің құнының 50 пайызы көлемінде субсидия төленетін болып шешілгені химиялық күрес жүргізу көлемінің артуына басты себеп болды деп есептейміз.

Мамандардың алдын-ала есептері бойынша биылғы жылы дәнді дақылдардың орташа шығымы гектарына 10-11 центнерден келеді деп күтілуде. Егіннің шығымы әсіресе Қарынсалды ауылдық округі мен Аксай ауылында жоғары болмақ. Соңғы күндердегі аптап ыстық ауа райы егіннің пісіп жетілуін тездетіп таяу күндері орақты жаппай бастап кетуге мүмкіндік бергелі отыр.

Басымды ауыл шаруашылығы дақылдары бойынша өсімдік шаруашылығы өнімдерінің шығымдылығы мен сапасын арттыруға бағыты бойынша көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуге қажетті жанар-жағар май материалдары мен басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын арзандатуға құжаттар әлі жиналған жоқ. Басты себеп облыстың атқарушы органдарының басым дақылдарды анықтау мен оларға төленетін субсидия көлемдерін белгілейтін шешімді заңды күшіне енген жоқ. Бұл арада айта кететін бір мәселе қазіргі қолданыстағы

субсидия төлеу ережесіне сәйкес субсидиялар облыстың атқарушы органы белгілеген шекте бірінші репродукциялы тұқым сатып алған шаруашылықтарға ғана төленеді. Бидай дақылы бойынша өздеріңізге бұдан бұрында хабарланып айтылғандай Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің 2014 жылғы 23 мамырдағы № 1-1/277 бұйрығымен бекітілген «Ауыл шаруашылығы өнімінің нақты түрлерін өндіру үшін ауыл шаруашылығы жерлерін онтайлы пайдалану бойынша өңірлерді мамандандырудың ұсынылған схемасына» сәйкес Аманкелді және Жанкелдин аудандары бойынша мамандандырылған дақыл түріне жатпайды. Сондықтан ережеге өзгеріс енгізілмеме бұл дақылға біздің аудан шаруашылықтарына субсидия төленбейді. Аталған бұйрыққа өзгерістер енгізуді сұрап аудан әкімі тарапынан облыс басшылығына бірнеше мәрте қатынас жазылды. Облыс басшылығы Ауыл шаруашылығы Министрлігіне бірнеше рет ұсыныстар жасады. Нәтижесінде ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің бірінші орынбасары Қ. Айтуғановтан осы жылдың 8 тамызы күні мәселенің оң шешімін табатынын, аталмыш бұйрыққа өзгерістер енгізілетіні жөнінде қатынас қағаз келді. Бұйрық өзгеріссіз қалған жағдайда 2017 жылдың 1 қаңтарынан бастап бидай дақылы егістеріне қолданылатын гербицидтерді субсидиялауға жалпы бидай дақылына төленетін субсидияларды ала алмас едік. Биылғы жылы аудан шаруашылықтары бидай дақылының 441 тонна бірінші репродукциялы тұқымын сатып алды, бірақ жоғарыда айтылған себепке байланысты субсидия ала-алмай отыр.

Биылғы жылы Қарынсалды ауылдық округінде барлығы – 1557 га («Ильяс» ш/к -400 га, «Ахмедиянова Н.» ш/к -196 га, «Серік» ш/к -215 га, «Казиева Ж.» ш/к -186 га, «Олжа» ш/к - 160 га, «Дария» ш/к-400 га.), Аксай ауылында барлығы- 5200 га («Жеңісбек» ЖШС-гі-3600 га, «Зернотранс» ЖШС- 1600 га), Үштоғай ауылдық округінде «Кәкім» ш/к 1200 га, Амантоғай ауылдық округінде барлығы-1800 га («Әлішер» ш/к 300 га, «Уәлихан» ш/к-200 га, «Олжа» ш/к -1200 га, «Ақжол ш/к-100 га), Тасты ауылында барлығы 315 га («Бектас» ш/к-100 га, «Длеба» ш/к -65 га, «Табыс» ЖШС-150 га), Қарасу ауылдық округінде -400 га («Абдильдин Азат» ш/к) жер жыртылды. Аудан бойынша бүгінге текті барлығы 10500 га жер жыртылды. Яғни айналымға 10500 га егістік жер қосылмақ. Осы жұмыстардың нәтижесінде 2017 жылы аудан бойынша ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс көлемін 110 мың гектарға жеткізу көзделуде. Оның ішінде дәнді дақылдар көлемі 106308 га, бір және көп жылдық шөптер 3500 га, картофель, көкөністер мен бақша дақылдары 192 га құрамақ.

Ауыл шаруашылығы дақылдарынан мол өнім алу жоғары сапалы тұқым қорын жасамай мүмкін емес. Дәнді дақылдар егісіне келер жылға қажет 10031 тонна тұқым дайындалуы керек. 2015 жылы егілген 10031 тонна тұқымның 441 тоннасы бірінші репродукцияға, 640 тоннасы екінші репродукцияға, 1220 тоннасы – үшінші репродукцияға, 690 тоннасы – төртінші репродукцияға, 4465 тоннасы бесінші репродукцияға жатқызылған. Яғни себілген тұқымның 2301 тоннасы ғана 1-3 репродукциялық. Оның ішінде «Жеңісбек», «Казаргофум», «Табыс», «Аманкелді жолы» серіктестіктері мен, «Ильяс», «Рахымбек», «Шерхан», «Длеба», «Серік» ш/к бірінші репродукциялы тұқым сатып алса, былтырғы жылы «Асылжан», «Дамира» және «Аниса» ш/к бірінші репродукциялық тұқымдар сатып алып екті. і. Былайша айтқанда 2-3 репродукциялық тұқым дайындауға осы шаруашылықтың ғана мүмкіндігі бар. Қалған шаруашылықтардың дайындайтын тұқымдары 4-5 репродукцияға немесе қатардағы тұқымға жататын болады. Шаруашылықтарға бұл жөнінде жылда ескертіледі бірақ қортынды шығарылмайды. 2016 жылдан бастап басымды ауыл шаруашылығы дақылдары бойынша көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуге қажетті жанар-жағар май материалдары мен басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың



Талғат КАРБОЗОВ,
аудан әкімінің
орынбасары

құнын арзандатуға субсидиялар тек үшінші репродукциядан төмен емес тұқым еккен, облыстың атқарушы билігі бекіткен нормаларға сәйкес бірінші репродукциялық тұқымдар сатып алған шаруашылықтарға ғана төленетінін ескерсек тұқым жанарту мен сұрып айырбастауға тиісті дәрежеде көңіл бөлуіміз керек. Барлық егіс көлемінің кемінде 5 пайызы элиталық және 1 репродукциялық тұқымдармен және қалған көлемін 2-3 репродукциялық тұқымдармен себуге қол жеткізуіміз керек. Ол үшін элиталық және 1 репродукциялық тұқымдарды сатып алу көлемін ұлғайтуымыз керек. Қазірден бастап тұқым шаруашылықтарымен хабарласып, алдын ала келісім шарттарға отыру қажет. Қанша тонна тұқымды өзіміз құйып аламыз, қанша тоннасын сатып алатынымызды анықтау үшін шаруашылықтар тез арада аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөліміне мәліметтерін берулері керек. Құйылып алынатын тұқымдардың барлық көлемнен сынамалар алынып өңгіштігін (всхожесть) анықтау үшін науқан аяқталысымен сараптамаға тапсырылуы керек. Сіздердің берген нақты мәліметтеріңізге сәйкес 045 бағдарлама бойынша тұқымдарды өңгіштік пен толық сараптамадан тегін өткізуге қаражат қаралатын болады. Мәлімет дұрыс берілмей, қаржы жетпей қалған жағдайда тұқым шаруашылық есебінен тексерілетінін ескертеміз. Осы жерде айта кететін мәселе ауданымызда «Жеңісбек» немесе «Нұрай-Н» серіктестіктерінің бірінші негізінде тұқым өндірумен айналысуды жолға қоюымыз керек. Бұл соңғы жылдары ұдайы көтеріліп келе жатқанымен, шешімін таппай отыр. Себебі алдыңғы қатарлы осы шаруашылықтардың өзінде ауыспалы егіс жүйесі енгізілмеген, тұқым шаруашылығы статусын алу үшін қойылатын талаптарға сәйкес келмейді. Алдағы 1-2 жыл көлемінде осы бағытта жұмыс жасап мәселені түбегейлі шешуіміз қажет.

Аудан шаруашылықтарында жалпы сыймдылығы 24000 тонна астық қоймалары бар. Өздеріңіз көріп отырғандай өндірілетін астықтың 25 пайызын ғана қамтиды. Астық өндірумен айналысатын ірілі-ұсақты 70 шаруашылық бар леп есептесек қоймалар тек 10 шаруашылықта ғана бар. Алдағы уақытта осы мәселеге көңіл аударып, астық қоймаларын салуымыз керек. Өзімізде астық қоймалары болмағандықтан ауа райының әр түрлі құбылыстарынан туындайтын қиындықтарға дайын болуымыз керек.

Ауданның картофель, көкөніс пен бақша дақылдарын өсірушілерінің алдында да үлкен міндеттер тұр. Жаңадан іске қосылғалы отырған «Досжан» ЖК-нің 500 тонналық картофель және «Шегет» ш/к 3000 тонналық көкөніс сақтау қоймаларының мүмкіндіктерін пайдалана отырып осы дақылдарды өсіру көлемін нақты арттырып, аудан халқын негізінен өз өнімдерімізбен қамтамасыз етуге қол жеткізуіміз керек.

Егін жинау жұмыстарын ұйымшылдықпен өткізудің негізгі элементтерінің бірі - егін жинау техникаларының науқанға дайындығы. Күзгі дала жұмыстарын жүргізуге облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы тарапынан 1613 тонна арзандатылған дизель отыны бөлінді. Арзандатылған бағамен (литрі 96 теңгеден аспайды) босатылатын дизель отынын операторлар («БЕСТАУ - 777» ЖШС-гі – 500 тонна, «ҚазМұнайГаз Өнімдері»

ЖШС-ен – 613 тонна және «Қостанай Мұнай Өнімдері» ЖШС-нен 500 тонна). «БЕСТАУ - 777» ЖШС-гі мен «ҚазМұнайГаз Өнімдері» ЖШС Арқалық қаласындағы «Иволга-Холдинг» ЖШС-нің базасынан босатуда. Шаруашылықтарға тегіс хабарланды. «ҚазМұнайГаз Өнімдері» ЖШС-мен бүгінге текті 338,0 тоннаға шартқа отырды, 117,3 тоннасының ақшасы төленді, тасылғаны 28,5 тонна ғана. «БЕСТАУ - 777» ЖШС-гі мен 108 тоннаға шартқа отырды, 52,0 тоннасының ақшасы төленді, 68,5 тоннаға шартқа отырды, 38,4 тасылып алынды, «Қостанай Мұнай Өнімдері» ЖШС бойынша 302,8 тоннаға шартқа отырылды, 145,5 тоннаға ақша төленіп, 40,1 тонна тасылып алынды. Жалпы аудан бойынша 748,8 тоннаға шартқа отырылса, 315,1 тоннасының ақшасы төленіп оның 107,0 тоннасы тасылып алынды. Көріп отырсыздар қарқын өте төмен. Қалған шаруашылықтар бір тоқтамға келіп, алмайтын болса бас тартулары керек болмаса тездетіп тасып алулары қажет.

Егін орағын жүргізуге қажетті комбайндар, тракторлар мен ауыл шаруашылығы машиналары негізінен дайын тұр. Жалпы егін шаруашылығымен айналысатын округтерде барлығы 162 дана комбайндар, оның ішінде 14 дана Джон Дир, 21 дана Вектор, 7 дана Есиль, 9 дана Дон 1500 сияқты өнімділігі жоғары комбайндар бар, барлығы 51 дана немесе қолда бар комбайндардың 32 пайызын құрайды. 270 дана трактор, үлкен сыймдылықты 116 дана трактор тіркемелері, 86 дана жүк тасымдалуа көліктері, оның ішінде 70 дана Камаз автокөліктері тіркемелерімен. Аудан шаруашылықтарында машина-трактор паркін жаңалау бағытында біршама жұмыстар атқарылды. 2012 - 2015 жылдар аралығында шаруашылықтар жаңадан әр түрлі модификациядағы 41 МТЗ Беларусь тракторларын, 13 дана К-744 тракторлары, 10 дана «Кузбасс» 12,2 себу комплексі, 31 дана астық комбайндарын сатып алды. Биылғы жыл басталғаннан бері бұл үрдіс жалғасын тауып аудан бойынша 12 дана әр түрлі модификациялы Беларус тракторлары, 1 дана К-744 тракторы, 2 дана улағыштар (опрыскиватели), 3 дана жатқарлар, 7 дана орак, 4 дана рулондық пресс, 1 дана соқа (плуг), 5 дана трактор тіркемелері, 3 дана КУН сатылып алынды. 1 комбайнға келетін жүктеме (орылатын егіс көлемі) бойынша облыста соңғы орындардың біріндеміз, облыс бойынша орташа жүктеме 390 га болса бізде 612 га.

«Азық түлік келісім-шарт корпорациясы» ҰК» акционерлік қоғамы арқылы шаруашылықтарға көктемгі дала жұмыстарын жүргізу үшін аудан бойынша 104 млн. 200 мың теңге бюджеттік кредит берілді. Соның арқасында көптеген шаруашылықтар көктемгі дала жұмыстарын ойдағыдай өткізді. Ендігі міндет осы несиеңи уақытылы қайтару болмақ. Несие алған шаруашылықтар бірінші кезекте бидайларын осы берешек есебіне тапсырулары керек. Бидайдың сатып алу бағасы мен сапалық параметрлері әлі бекітілген жоқ, дегенмен жылдағы үрдіске сәйкес қыркүйектің басына дейін белгілі болуы керек. Биыл шартқа сәйкес несие бидаймен қайтарылуы керек.

Ауыл шаруашылығы министрлігінде ағымдағы жылы астық нарығын реттеу мәселелері бойынша кейбір заңнамалық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу жұмыстары жүргізілуде. Соның бірі электрондық астық қолхаттары жүйесін пайдалану. Қазақстан Республикасының «Астық туралы» Заңының 39- бабына сәйкес, астық қабылдау кәсіпорындары астық иесіне астықты сақтауға тапсырғандығын растайтын құжат ретінде астық қолхаттарын береді. Осы астық қолхаттарының қозғалысына айқындық беруді мемлекеттік электрондық астық қолхаттары реестрін жүргізу арқылы қамтамасыз ету көзделіп отыр. Электрондық астық қолхаттары жүйесін пайдалану, оның ішінде, астықты тіркеу, есепке алу электрондық астық қолхаттарының айналымы және өтелу тәртібіне сәйкес орындалады. Осы мақсатта Сіздер астық қабылдау пункттерімен келісім шарттарға отыруларыңыз керек. Электрондық цифрлық қолхаттарыңыз болуы және интернетке қосылуларыңыз керек. Астық

қабылдау пункттерінде клиенттерге арналған компьютерлер қойылып, көмек көрсетілетін болады. Басты мақсат астық қолхаттарын ұстаушылардың мүдделері қорғалып, нақты қолда жоқ астық көлеміне құжат беру мүмкіндігі жойылады. Өтімді кепілі жоқ ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері, екінші деңгейдегі банктерден астық қолхаттарын кепілге қою арқылы несие алу мүмкіндігі туады, демек, астық қолхаттарын барынша қаржы құралы ретінде пайдалану дұрыс жолға қойылады деп күтілуде.

Мал шаруашылығы бойынша 2016 жылдың 1-тамызына текті ауданда 34370 бас ірі қара, 81435 бас қой-ешкі, 15664 бас жылқы, 47 бас түйе, және 147844 бас құс бар. 2016 жылдың жеті айында 2368,5 тонна ет, 19132,7 тонна сүт, 4739,4 мың дана жұмыртқа өндірілді. Жоғарыда көрсетілген мал басынан ірі қараның 46,0 пайызы, жылқының 46,8 пайызы, қой ешкінің 42,5 пайызы шаруашылық құрылымдарының меншігінде. Атап айтқанда 306 шаруа қожалығы мен 3 серіктестіктің меншігінде 14496 ірі қара, 6842 жылқы, 33420 бас қой ешкі. Орташа есеппен бір шаруашылыққа 47 ірі қара, 22 жылқы, 108 қой-ешкіден келеді. Мемлекет мал шаруашылығын дамытуға үлкен көңіл бөлуде. Осы мақсатта «Сыбаға», «Алтын асық», «Құлан» және «Жайылымдарды суландыру» сияқты мемлекеттік бағдарламалар қабылданып жүзеге асырылуда. Ауданымызда «Сыбаға» бағдарлама бойынша 2011-2015 жылдар аралығында 46 шаруа қожалығы мен 1 жауапкершілігі шектеулі серіктестік 317,1 млн. теңге несие алып барлығы 1697 бас ірі қара мал, оның ішінде сиыры 1622 бас, асыл тұқымды бұқа 75 бас сатып алды, 5 жылдық жоспар 143,2 % орындалды.

2016 жылы «Сыбаға» бағдарламасы бойынша – 250 бас ірі қара мал сатып алу жоспарланған. Бүгінге текті барлығы 112 бас («Қауғай» шаруа қожалығы – 4 бас, «Атамұра-3» шаруа қожалығы – 4 бас, «Ернұр» шаруа қожалығы - 40 бас, «Жақсылық» шаруа қожалығы -20 бас және «Ұлы Дала» шаруа қожалығы – 44 бас) сатылып алынып жылдық жоспар 44,8 пайызға орындалып отыр.

«Құлан» бағдарламасы бойынша 2016 жылы 125 бас жылқы малын сатып алу жоспарланып, осы есепті уақытқа текті; 2 шаруа қожалығы 47 бас жылқы сатып алып, жылдық жоспар 37,6 % орындалды.

«Алтын асық» бағдарламасы бойынша 2016 жылы 250 бас қой малының аналық басын сатып алу жоспарланып, осы есепті уақытқа текті:

1. «Алижан» шаруа қожалығы Қарынсалды а/о 200 бас қой малының аналығы мен 10 бас асыл тұқымды қосқарлар сатып алу үшін, «Аграрлық несие кооперациясы» АҚ-на құжаттарын дайындау жұмыстарымен айналысуда.

2. «Айбек» шаруа қожалығы Үрпек а/о 150 бас қой малының аналығы мен 10 бас асыл тұқымды қосқарлар сатып алу үшін, «Аманкелді-финанс» КС-не құжаттарын дайындау жұмыстарымен айналысуда.

«Жайылымдарды суландыру» бағдарламасы бойынша 2016 жылы:

1. «Нарбай» шаруа қожалығы Үрпек а/о – нен 1 құдық құрлысын салу үшін, «Георесурс» ЖШС-мен келісім шарт жасасты.

2. «Жамбыл» шаруа қожалығы Байғабыл а/о 1 құдық құрлысын салу жұмыстарымен айналысуда. Жобаның құны 1 500 000 теңге.

Ірі қара малдың аналық басын асылдандыру бойынша:

Аманкелді ауданы бойынша 96 шаруа қожалығы мен 1 ЖШС ірі қара малын асылдандыру жұмыстарымен айналысуда. Оларда 11873 бас аналық сиыр малы тіркелген және 428 бас асыл тұқымды бұқалармен қамтамасыз етілген. Ірі қара мал басы аналығын асылдандыру барысында етті асыл тұқымды бұқалармен қамтамасыз ету 100 % құрайды.

Аудан бойынша барлық ірі қара мал, оның ішіндегі асылдандыруға қатынасу үлесі - 84,5 % құрайды. 2016-2017 жылдардағы мал қыстату кезеңіне 137,7 мың тонна шөп дайындалып біржарым жылдық қор жасалды. Берілген тапсырма 101,8 пайызға орындалды.

Науқанды қысқа мерзімде аяқтап, өсірілген астықты ысырапсыз жинап алып, ауыл шаруашылығы жылын табысты қортындылайық.

ҚАЖЫЛЫҚТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ - ТАБЫС КӨЗІ ЕМЕС

Жақында ғана биылғы үлкен қажылық маусымы аяқталды. Биылғы жылы да 5000 қазақстандыққа қасиетті сапар бұйырып, оларға отандық 20 компания қызмет көрсетті. Солардың ішінде Аманкелді Еренғайыпұлы басқаратын компанияның шоқтығы биік. 1996 жылдан бері (20 жыл) қажылық сапарын ұйымдастыру жұмыстарына атсалысып, үлкен-кішісі бар, 73 рет Меккенің төріне Қазақстаннан қажылығын өтеуге ниет еткен азаматтарымызға жол бастап, осы жолда талай қуаныш пен қиындықты еңсеріп келеді.

Бұл сұхбатта қажылықты ұйымдастыру ісі, мүфтият ұйымдастырған миссия жайы, қажылық сапарын шебер ұйымдастыру тетіктері, қажылыққа ниет еткен жандардың сауаты мен қажылық компанияларына тағылар сынның жайы сөз етіледі.

Құрметті оқырман! Осы мақсаттан да біз Аманкелді қажы Еренғайыпұлының журналистермен жүргізген сұхбатын назарларыңызға ұсынып отырмыз.

– Көп жылдан бері қасиетті қажылық сапарын ұйымдастыру ісіне белсене араласып келесіз. Айтыңызшы, соңғы жылдардағы қажылық сапарды ұйымдастыру жұмысында ауыз толтырып айтарлық өзгерістер бар ма?

– Қажылық рәсімін өтеу оңай нәрсе емес. Баяғыда, Құнанбай қажылар барған заманда қажылық рәсімдерін өтеу жеңіл, оңай болатын. Неге? Өйткені, ол заманда қажылыққа бүгінгідей миллиондаған адам бармайтын. Бірақ ол кездің машақаты жол болатын. Бес-алты ай жол жүріп барады, бес-алты ай жол жүріп қайтады. Жолдың өзіндік қауіп-қатері тағы бар. Қазіргі кезде керісінше, бару-оңай, орындау-қиын. Неге қиын? Өйткені, қазір қажылыққа 7-8 миллион адам келеді. Өл-Харам мешітін кеңейту жұмыстарына байланысты былтырдан бері жылына 2 миллион адам ғана қабылдап жатыр. Бұл да аз адам емес. 2 миллион адамның, әсіресе, Кәбаны тауап етуі оңайға соқпайды.

Ал, қажылықты ұйымдастыру жұмыстары Құдайға шүкір, жылдан-жылға жақсарып келе жатыр. Өз басым 1996 жылдан бастап, яғни, Өл-Әзһар университетінде оқып жүргеннен бері қажылыққа барып, өзбекстандық қажыларға жол көрсетіп жүргеннен бері бұл сапар маған таныс. Сол кезде топ-тобымен жетекшілерінің бастауында әр елден келетін қажыларды көріп, неге біздің қазақстандық қажылардың сапарын осылай бір жүйемен ұйымдастырмасқа деп армандайтын едім. Сонымен, 1998 жылдан бастап қажылық сапарын ұйымдастыру жұмыстарына белсене атсалыстым. Ол кезде небәрі 200-300 адамнан аспайтын еді. Қазір, Құдайға шүкір, 20 компания арқылы 5000 отандасымыз қажылық рәсімін өтеп келіп отыр. Бұның өзі бір жетістік емес пе?!

2007 жылдан бастап «Нұр Қазақстан» қажылық компаниясын аштық. Қажылық сапарын ұйымдастыру жылдан-жылға жеңілдеп келе жатыр деуге болады. Ол жақтағы жүріс-тұрыс мәселелері де жыл өткен сайын оңтайланып келеді. Мәселен; 1998-1999 жылдары Сауд Арабиясының Қажылық министрлігінің бұйрығы бойынша, қонақ үйлерде төсек (крават) қойдырмайтындықтан қажыларымыз жерде жатуға мәжбүр болатын. Соңғы жылдары бұл жағдай өзгерді. Бұрын қазақстандық қажылар 5-6 шақырым жердегі қонақ үйлерге жайғасатын болса, жыл өткен сайын қажыларымыз жайғасатын қонақ үй Өл-Харам мешітіне жақындап келе жатыр. Кейбір қажыларымыз бірнеше есе қымбат бағаға Өл-Харам мешітінің дәл іргесіндегі қонақ үйлерге жайғасуда. Ұйымдастыру жұмыстары мен қажыларымыздың ол жаққа барғандағы жағдайлары жылдан-жылға жақсарып келеді.

– Ұйымдастыру жұмысында компаниялар арасында айырмашылық бар ма?

– Әр компанияның қойған бағалары әртүрлі. 3000-3500 АҚШ доллары аралығында. Ең арзан бағадағы (3000 долларлық) компаниялар бірнеше компания бар. Ол баға қонақ үй қажетсізіндейтін, тек заттарын қойып, қалған уақыттың қасиетті Өл-Харам мешітіне өткізгісі келетін кісілерге арналған. Соған байланысты олардың бағасы ең төмен. Қазіргі қажылық компаниялардағы баға қонақ үйдің алыс жақындығына, әуе рейсіне байланысты. Ислам шарияты бойынша, қажылыққа тек бай, ауқатты адамдар баратын болғандықтан біздің компаниямыз орташа бағаны ұстап келеді. Қонақ үй де алыс емес. Қажыларымыз автобусқа мініп немесе такси ұстамастан, жаяу барып келетін жерге орналасқан. Неше миллион адамның ішінде қай компания қандай екенін аралап, көзден кешіріп шығу мүмкін емес, әрине. Өз компаниям төңірегінде ғана сөз қозғап отырғаным сол үшін. Ал, «Биыл мына компания уәдесін үйіп-төгіп беріп еді», «Қонақ үйіміз мынадай деп еді ондай болмай шықты», т.б сөздерді қажылардан естіп жатамыз.

– Биыл мүфтият деңгейінде де қажылық жұмыстарына арнаулы көңіл бөлінгені белгілі. Бұл туралы да айта кетсеңіз...

– Менінше, қажылық сапарын ұйымдастыру жұмысын ҚМДБ-нан бөле-жара қарауға болмайды. 2007 жылы алғаш рет қажылық барысын қадағалау мақсатында арнаулы Қажылық миссиясы жұмыс істей бастады. Биылғы Қажылық миссиясы өзге жылдардан басқарық болды деп айтуға болады. Ғылымбек Мәжіев басқарған Миссия құрамында белгілі дінтанушы азаматтар, имамдар мен дәрігерлер болды. Арнаулы қаражатқа отандық дәрі-дәрмектер алып күндіз-түні зыр жүгіріп қызмет етті. Ауырып қалған жағдайда қонақ үйлер мен емханаларға жеткізетін, қажыларды аралап жағдай ұғысып, уағыз-насихат жасап, бағыт-бағдар беруге арналған арнаулы көліктері де болды. Миссия мүшелері қажыларымыздың ақаусыз, сауатты қажылық жасауы үшін барын салды деп айтуға болады. Қажылық компаниялары айтып жүретін біраз олқылықтардың



орны биыл толғандай болды.

Бас мүфти Ержан қажы Малғажыұлының тапсырмасымен жіберілген Қажылық миссиясының жұмысын айырықша болды деуге толық негіз бар.

– Қажылықты ұйымдастыру жұмыстарында әлі де жетіспеушілік істер бар ма?

– Бұл - айта-айта жауыр болған тақырып. Мұнда қажыларымыздың барып-келуі мәселесінде тікелей әуе рейсінің жоқтығы біздің арқамызға аяздай батады. Қажылардың жол қаражатын Түрік әуе компаниясы, Эйр Арабия, Иттихат, т.б шетелдік компаниялар арқылы төлеуге мәжбүрміз. Олар қажылық кезінде бағасын екі есе қымбаттатып жібереді. Амал жоқ, төлейміз. Біз оларға аз ақша төлеп жатқан жоқпыз. Мәселен; Биыл қажылыққа барған 5000 адамның жолақысын есептей беріңіз. Қаншама қаржы сыртқа кетіп жатыр. Отандық компаниялар қызмет көрсететін тікелей әуе рейсі болмаса, бізде басқа жол жоқ. Неге сол қаржыны өзіміздің ішкі айналымға салмасқа?

Бұл өз кезегінде қажылықтың бағасына да әсер еткенімен қоймайды. Баға көтерілді деген сөз қажылықтың қолжетімділігі төмендейді деген сөз. Сонымен қатар, жолды ұзартып, қажылар үшін жол азабын көбейтіп жібереді. Мәселен; Түрік компаниялармен ұшсаңыз міндетті түрде Стамбул арқылы баруға тура келеді. Ал, қайтқанда да жүктерін Стамбулға дейін бір саласыз, сосын Стамбулдан Алматыға бір саласыз. Рейс алмастыру үшін қажылар Стамбул әуежайында әлденеше сағат, тіпті, бірнеше күнге дейін күтіп қалуы мүмкін. Бұл жағы тағы бар.

Жида әуежайына қонған кезде Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан секілді көршілес елдердің ұшақтары тұрады. Осылардың қасында өз еліміздің ұшақтары тұрса қандай мақтанш. Қажыларымызға жеңіл болу үшін тікелей рейс арқылы отандық әуекомпаниялары алып барса екен дейміз.

– Бұл туралы мәселе көтеріп, құзырлы органдарға бардыңыздар ма?

– Жылда айтылады-айтылады... Қазір айтпайтын да болдық. Сонда да үкімет осы жағынан бір шешімін табады деп үміттенеміз.

– Елімізден қажылыққа барушылардың көбісі жастар ма, әлде қарт кісілер ме?

– 2000 жылға дейін қажыға барушылар дерлік 60-80 жас аралығындағы үлкен кісілер еді. Ал, 2001 жылдан бастап жастар қосыла бастады. 2010 жылдан бері елімізден қажылыққа барушылардың дені жастар деп айтауға болады.

Тағы бір қызық мәлімет. 1998-2000 жылдары қажылыққа баушылар «үйімді саттым», «малымды саттым» деп жататын. Ал, бүгінде ондай жағдайлар өте аз. Бұл халқымыздың әлауқатының жақсарғанын білдіреді ғой. Бұған біз де қуанамыз.

– Қазақстаннан компаниялар арқылы баратын жол-бастаушы мамандар мен қажылық өтеуші азаматтардың дайындығына көңіліңіз тола ма?

– Компаниялар ішінде ұйымдастырып жіберсек болды дейтін көзқарастар да жоқ емес. Бұдан арылу керек. Ондай компаниялардың ұйымдастыру жұмысына бізді былай қойғанда, сол компания арқылы қасиетті сапарға барған кісілердің де көңілі толмай жатады. Сондықтан, бұл мәселеде

ұйымдастырушылардың тақуалығына, жауапкершілігіне, іскерлігіне байланысты. Өйткені, қажылық сапарын ұйымдастыру – табыс көзі емес, тұнып тұрған жауапкершілік. Тақуа, діндар адамдар басшылық жасап, қажылыққа ниетті азаматтарды алдын-ала жүйелі дайындық курстарынан өткізіп, жолбастаушы мамандарды саралап тандап алса, айтар сөз жоқ. Ал, ондай болмаса, көңіл толмайтын жайттар жүз беріп жатады.

– Сіздің мекеменің аты - «Нұр Қазақстан» қажылық компаниясы. Сонда сіздер тек қажылық сапарын ғана ұйымдастырумен айналысудағы мақсатыңыз не?

– Иә, біз тек қажылық сапарын ұйымдастырумен ғана айналысатын болғандықтан компания атауын «Нұр Қазақстан» қажылық компаниясы деп алуды көздеп, солай тіркеткен болатынбіз. Туристік компаниялар да бар. Бір мезгіл қажылық науқаны кезінде ғана қарбытып жұмыс жасап, қажылық сапарын ұйымдастырады да жыл бойы үнсіз қалады. Бірақ, біздің басты мақсатымыз – арнайы қажылықпен айналысатын компания құрып, қажылық сапарын сапалық деңгейге көтеру. Азаматтар үшін тәжірибесі мол, сапалы қызмет жасайтын, маманданған қажылық компаниясын қалыптастыру. Аллаға шүкір, сол мақсатымыз орындалды.

– Құпия болмаса, айтыңызшы... Қанша рет қажылық сапарын ұйымдастырдыңыз?

– Құдайға шүкір, осы жолы 73-реткі қажылық сапарынан оралып отырмын. Бұның ішінде 20-ға жуығы ғана үлкен қажылық, қалғандары умра қажылығы. 1996 жылдан бергі қажылық сапарында бірінші-екінші реткі қажылық қана өзім үшін арналса, қалған сапарларым қажылық үшін Мекке, Мединаға барушыларға жол бастау мақсатында бардым. Осыған дейін 11000-ға жуық қажының қажылық сапарына жетекшілік жасадым. Қажыларымыз үшін қызмет еткеніме Аллаға шүкіршілік етемін. Сол үшін шығар, Алла Тағала 2 рет қасиетті Кәбғаға кіріп, намаз оқып, дұға тілеу мүмкіндігін нәсіп етті.

Біздің компания қажылық өтегеннен кейін умра қажылықтың сапарын ұйымдастырамыз. Умра қажылық үлкен қажылық біткеннен кейін Рамазан айына дейін жалғасады. Сонымен қоса, компаниямыз 2007-жылдан бастап, Исламдағы үшінші қасиетті орын – Өл-Акса мешітіне апаруды да жолға қойғанбыз. Бұл жосын Құнанбай аталарымыз да Мекке-Мединеде үлкен қажылық өтегеннен кейін Палестинадан Құдыс қаласындағы Өл-Акса мешітіне де зиярат жасаған екен. Біз де жыл бойы ай сайын умра қажылығы барысында, қажылық рүкіндері өтеліп болғаннан кейін, қасиетті Өл-Акса мешітіне зиярат ету сапарын қосып отырмыз.

– Сіздер осы қиыншылықты қалай еңсеріп отырсыздар?

– Біз қажыларымызды күні бұрын дайындық курсынан өткіземіз. Қажылықтың әрбір рүкіндерін түсіндіреміз. Сағи, тауап, Минада түнеу, Арапа күні жасалатын құлшылықтардың қыр-сырын үйретіп, айтатын дұғаларды барынша жаттатуға тырысамыз. Арнайы «Қажылық» деген кітап басып шығарғамыз. Бұл кітап намаз оқып үйрену қағидаларын қамтыған қажылық қолданбасы деуге болады. Қажылықтың барысы, әр тауапта, әрбір орында айтылатын дұғалар, көңіл бөлуге тиісті істер толығымен жазылған. Қажыларымыздың кез келген жерде қажылыққа қатысты мәліметтер алып, ұмытқан жерлерін есіне түсіруіне өте қолайлы. Сонымен қатар, қажылық кезінде намаз бастаушылар үшін таптырмас оқу құралы. Аталмыш еңбек қажыларымыз сауатты құлшылық жасауына көп септігін тигізуде.

Қала берді, барғаннан кейін қажыларымызды «Міне келдік. Мынау қонақ үй, мынау Кәбға» деп өз еркіне жібере салмай, топтық алып жүреміз. Бұл бір жағы қажыларымыздың адасып кетпеуі үшін болса, енді бір жағынан қажылық рүкіндерін бұлжытпай орындау үшін. Ал, Шайтанға тас ату барысында қарт адамдар үшін шарият жеңілдігін пайдаланамыз. Қарттар үшін қалың адам ішінде сығылысып, арлы-берлі 8 шақырым жол жүру оңай емес. Сол үшін ол кісілердің орнына жастар тас лақтырады. Күнделікті кешкісін уағыз-насихат жасалып отырады. Бұл қажылар үшін өте қажет. Ертерек орындалатын амалдар, кешірімді болу, көркем мізде болу, ықылас, т.б маңызды мәселелерді үнемі айтып отырса қажыларымыз рухтанып, барынша сауатты құлшылық жасауға мүмкіндік алады.

– Қажылық сапарын сан мәрте ұйымдастырған білікті маман ретінде қажылыққа баруға ниет етуші азаматтарға айтарыңыз бар ма? Сұхбатымыздың соңында осы мәселе төңірегінде тоқтала кетсеңіз.

– Қажылық сапар – қасиетті сапар. Ол жерге Алла шақырған адамдар ғана барады. Қажылығы қабыл болған адам анасынан жаңа туғандай тазарады. Ендеше, мұндай мүмкіндікке кетіп бара жатқан адамның мығым дайындығы болуы керек. Барынша, сабырлы, байыпты болуға, көбірек құлшылық жасауға, еліміз, халқымыз үшін тамаша дұға-тілектер тілеуге ұмтылғаны жөн.

Әр нәрсенің өзіндік машақаты болады. Сол сияқты қажылық ғибадатында сынақ пен машақаттың болмауы мүмкін емес. Мәселен, барған кісілердің ең үлкен қиыншылығының бірі Шайтанға тас ату, миллиондаған адаммен бірге Кәбаны тауап ету барысында болады.

Кейбір азаматтар қартайған ата-аналарын қасиетті сапарға көмекшісіз жібере салады. Ол кісілер болса, Меккеге барғаннан кейін қажылық өтеу барысында қиналып қалады. Топпен алып жүруге, бір-біріне қарайласа жүруге шақырып, жастарға тапсырғанмен, миллиондаған адамдардың ішінде денсаулығы нашар, жасы ұлғайған адамдарды алып жүру кім-кімге де оңай соқпайды. Олар өздері де қажылық өтеуге барған адамдар, өмірінде бір-ақ рет келген мүмкіндігін жіберіп алғысы келмейді ғой. Сол үшін, жасы кеп қалған, қарт кісілерді қажылыққа жібергенде лаж бар қасына бір жанаушы азаматты қосып берген абзал болар еді. Ата-анасын қажылыққа жіберуді ниет еткен бауырларым ескерсе екен деп айтып отырмын.

– Салихалы сұхбатыңыз үшін, рахмет! Алла жұмыстарыңызға сәттілік берсін!

Сұхбаттасқан Оразбек Сапархан.

Суреттерде: Аманкелді қажы; ол Меккедегі Зәмзем заводының бас директоры Шейх Сүлейменмен; Мәскеу олимпиадасының жеңімпазы Жақсылық Үшкөмпіровке өз кітабын сыйлап тұрған сәттері.

Атой салып желбіреткен ел туын, Мақтан еткен ата-мекен жер-суын. Ұрпақтары ескерткіш қып салыпты - Кесенесін Көкембаев Кейкінің! Көз тартып тұр қыр басында кесене, Бір өкініш - сол бір жақтан есе ме...? - 125 жыл болған, - деді бір адам «Бұл атамыз келді, - деп ем, - нешеге?» Кесене тұр заманынан сыр айтып, Көз тастасаң тұратындай мұнайтып... Ел құрметін білдіргендей өрнектер Кесенеде өрнектелген мой айшық. Құран оқып, тағзым еттім басына, Келіп тоқтап, кесененің қасына. Ой жүгірттім тағдырына батырдың Кешіріңдер, қосып айтсам асыра! Батыр жәйлі біразырақ жырласам, Ұйықтап жатқан тарихтардан сырды ашам. Сұм тағдырдың өшірілмес ізі бар, Жоғалмайтын бояуменен сырласаң. Жыланшықта, Байтұма қопасында, Туған екен кедейдің отбасында. Малын бағып байлардың, жалшы болып, Бала жастан қиындық ортасында... Аңшылықпен жасынан айналысып, Тапқан екен еңбектің пайдалысын. Мергендікті үйреніп, мылтық атып, Бір өнердің өзіне байлап ұшын... Өскен кезде, жігіт болып ер жетіп, Ат үйретіп, кең далада терлетіп. Малын қорғап Рахметтің дұшпаннан, Өн бойынан таптырмапты кем-кетік. Мергендікпен, болыпты елге танымал, Өжеттігі, батылдығы тағы бар! Қоғам сол кез астаң-кестен дүрбелең Заң-закон жоқ, құқын қорғап, шағынар. Жүріп жатты елде түрлі саясат, Бір бірімен, ақ-қызыл боп таласат. Бұның арты жауласуға соқтырды, Басталды кез соғыс туған алапат. Ақ патшаың зорлығы таусылмады, Оған дәлел әйгілі Маусым заңы. Ыза-кегін тудырды жәй халықтың, Бұқарамен санаспай басынғаны! Майданға деп жинамақ жігіттерді, «Бұл дұрыс!» - деп бар жерде үгіттеді. Тіл білмейтін, момақан қыр қазағы Тез көнер деп, қу билік үміттенді. Бұған бірақ қазақтар келіспеді, Наразылық басталды, өрістеді... Ауыл-аймақ бас қосып, кеңес құрды, Патшаның бұл қылығы теріс деді. Торғай елі бастады қарсылығын, Оларға жат қашаннан арысз ұғым. Жасақ жинап, дәлелдеп басқа жұртқа,			Жасаған деп айтады қателікті. Содан кейін қызылдар қуғын салып, Құны ақыры жанымен өтеліпті. Сарыторғай, Қараторғай, Ұлытауда, Қаша жүріп, жауымен ұрыс салды. Паналап тау қуысын екі жылдай, Шығынға ұшыратты дұшпандарды. «Жау» атанды, Тағдырға енді көнді. Қашып жүріп, соғысты тауды, шөлді. Сол кезде айтқан көрінет деректерде «...Басқыншының бәрі жау» деген сөзді. Шайқастарда көрсетті мергендігін, Жолын аршып шығатын елден бұрын. Көздегенін жіберіп о дүниеге, Құтқармапты жауынын атқан бірін. Шегінді Кейкі мерген Телікөлге, Ерліктері көтерді батырды өрге! Ол жақта да соңынан қуғын қалмай, Сыйғызбады мергенді туған жерге. Баяндасам ретпен болған істі, «Жалаулыда» қайран ер қолға түсті. Бар жолына большевик аңдыу қойып, Ұмытқанды бір сәтке қорғанысты. Аямады батырды азаптады, Жабайысың «қырғыз» деп мазақтады. Басын кесіп, мойнынан пышақпенен Дәл осылай тарқады азап таңы. Батыр басын Торғайда сырыққа іліп, Қарсылықты дегендей жүрсін біліп. Бір ай бойы тұрды бас ел шошытып, Басын шайқап, көргендер кіріп-шығып. Ол дәуірге тап биыл 100 жыл өтті, Жара жәйлап, көңілден жылжып өтті. Бірақ қалды жүректе - өшпес іздер, Рух қалды, айбарлы, құдыретті!!! Қортындысы бұл жәйді қозғағасын, Көтеріліс алсада өз бағасын. Патша заңы қалыпты орындалмай, Торғай елі бермепті өз баласын! Ресейде - сақтаулы Кейкі басы! Маза бермей оларға бейкүнә ісі. Рухынан қаймығып бермейтіндей, Тісі ақсиып, тапқандай жемтік асын. Тәні өлгенмен - батырдың жаны өлген жоқ, Батырлығы, ерлігі мен ары өлген жоқ. Тарихын оқығанда намыстыға, Бұл туралы, қайталап дәлелдеу көп. Есерлер ғой Кейкінің басын кескен... Қалай ғана, шығарам батырды естен?! Көрмесем де батырды, Оқып білдім - Сияқтымын бір жүріп қасында өскен!		
			Қуаныш УСКИН, запастағы полиция полковнигі, еңбек ардагері.		

МӘСЛИХАТТЫҢ КЕЗЕКТЕН ТЫС СЕССИЯСЫ

Жақында аудандық мәслихаттың кезектен тыс сессиясы өтті. Онда төмендегі мәселе қаралды:
Мәслихаттың 2015 жылғы 23 желтоқсандағы №363 «Амангелді ауданының 2016 - 2018 жылдарға арналған аудандық бюджеті туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы.
(Хабарламашы: М.Сәкетов - аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімінің басшысы)
Сессия күн тәртібінде қаралған мәселе бойынша тиісті шешім қабылдады.

Азаматтық қорғау саласы бойынша

Қора өрттерін болдырмау мақсатында, өрт қауіпсіздік ережелерді сақтауды сұраймыз

Осы жылдың ағымында қора өрттері жиі кездесетін болды. 2016 жылдың басынан осы уақытқа дейін Амангелді ауданында 6 қора өрттері болды. Өрттер көбінесе адамдардың өздерінің отқа бейкамдығынан қарауынан болып жататыны ешкімге де құпия емес. Өрттердің көбісі іс-тәжірибе көрсеткендей, былайша айтқандай «адамдардың факторлары» себебінен болып жатады. Өрттердің ең басты себебі: отпен абайсыз болуынан, қарапайым өрт қауіпсіздік ережелерін сақтамауынан және оларды білмеуінен болады. Дегенмен заңды білмеушілік – жауапкершіліктен босатпайтыны бәрімізге мәлім. Қора өрттерінің басты себептері ол, қора маңайында қоқыс жағу, қоранын ішінде шылым шегіп өшірмей лақтыра салу және тағы басқа адам факторлары себебінен туады. Қора өрттері өте қауіпті, өздеріңіз білгендей қоралар жылдам жанатын материалдардан құрастырылады. Қоралардың ішінде көмір, ағаш, шөп болуы мүмкін.
Сонымен қатар ауылдық жерлердегі тұрғын үйдің ауласында шөп жинайтын арнайы шөп албаларға жиналмай көше бойындағы қоршалған жерлеріне, тұрғын үйлеріне жақын немесе электр желілерінің астына жинайды, шөптерін қора төбесіне жинайды. Осындай жағдайлар өрт шығу қаупін туғызады, себебі тұрғын үй жанына, электр желісі астына жиналған шөпке үй мұржасынан шыққан шоқ және электр желісінің қысқа тұйықталуынан шыққан ұшқыны түсуі мүмкін. Міне осындай өрттерді болдырмау және алдын алу мақсатында жем-шөп дайындау, шабу, тасу және оларды жинау барысында ауыл тұрғындарына өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтауды сұраймыз.
Қазіргі уақытта өрттің шығу қаупі күшеюде, әсіресе шөп шабу және тасу науқаны кезінде трактор иелерінің өрт қауіпсіздік ережелерін сақтамауынан өрт шығу жағдайлары өседі. Халықтың өмірі мен денсаулығын, мүлікті, қоршаған ортаны қорғау мақсатында жеке тұлғалар өрт қауіпсіздік ережелерін міндетті түрде сақтау қажет.

А.ӘШІМ,
Амангелді ауданының ТЖБ инженері, азаматтық қорғау сержанты

Бір балабақшадан - екі хабар

«ГҮЛ ӘЛЕМІНЕ САЯХАТ»



«Жұпар» балабақшасында 5-6 жас аралығындағы «Ертөстік» ересектер тобында «Гүл әлеміне саяхат» атты ашық тәрбие сағаты өтті.



Ашық тәрбие сағатының мақсаты - баланың гүлдер туралы білімдерін кеңейту. Өлең тапқактар арқылы тіл байлығын арттыру, табиғатты

қорғауға, сүйе білуге тәрбиелеу. Ашық тәрбие сағаты барысында балалар бөлме гүлдерімен, дала гүлдерімен танысып, оларды бір-бірімен салыстырды. Гүл ханшайымымен бірге тапқактар жаттап, дидактикалық ойындар ойнап, гүлдерді санады. Ашық тәрбие сағатына барлық балалар бір кісідей ұйымшылдықпен қатынаса білді.

Тәрбие сағатының соңында балалар бір-біріне жақсы тілектерін айтып, гүл сыйлады.

Гүлім САРДАРОВА,
«Жұпар» балабақшасының тәрбиешісі

ҚҰММЕН СУРЕТ САЛҒАН БҮЛДІРІШНДЕР



Балалық шақта құммен ойнамаған бала жоқ шығар. Қазіргі таңда осы құм - сурет салудың құралына айналды. Құммен сурет салу – өткен ғасырдың 70 жылдары АҚШ-та пайдаланылып, Батыста қанат жайған жас өнер. Қас-қағым сәтте әйнек бетіне құммен салынған ғажап суреттерді



жел немесе болмашы қимыл бұзып кетсе де, осынау нәзіктікті көрген жан әсерсіз қалмасы сөзсіз.

Құммен сурет салу – жалпыға ортақ өнер. «Құмға салынған сурет» - адам жан-дүниесінің бір көрінісі. Сол арқылы ешкімге айталмаған ішкі сырды актаруға болады. Сәби

үшін негізгі пайдасы – саусакка тиген құм түйіршіктері бойдағы ұйықтап жатқан әрбір клетканы оятады екен. Осынау ғажап өнерді біздің балабақшаның бүлдіршіндері де қолдана бастады. Әрине басында қиындау болды, баланың аты бала, құммен ойнап жерге шаша салды. Бірақ бірте-бірте балалар бұл өнерге қызығушылықтары оянып, құмға саусактарымен сурет сала бастады. Алдағы уақытта бұл балалардан күтер үмітім зор.

Құмға жан бітірген бүлдіршіндерге ақ жол!

Кенжегүл СЕМБИНА,
«Жұпар» балабақшасының тәрбиешісі

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІ ҮШІН ӘДЕП – МІНДЕТ!

2016 жылдың 1 қаңтарынан бастап мемлекеттік қызмет саласында көптеген заңдар мен кодекстер күшіне енгендігі туралы баршамызға мәлім.

Олардың ішінде мемлекеттік қызметті атқарудағы негізгілері мен маңыздысының бірден-бірі болып Әдеп жөніндегі заңдылықтар болып саналады. Себебі, тек мемлекеттік қызметшінің ғана емес, жалпы адамзаттың өркендеу белгілерінің бірі – Әдептілік.

Еліміз Тәуелсіздік тұғырына шыққалы бері, Елбасымыздың сарабал саясатының арқасында мемлекеттік қызметтің беделі жылдан-жылға артып келеді.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсан-дағы № 153 Жарлығымен, мемлекеттік қызметшілердің моральдық-адамгершілік бейнесіне және іскерлік қасиеттеріне қойылатын талаптарды жоғарылату мақсатында Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексі (Мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп қағидалары) бекітілді.

Мемлекеттік қызмет атқару - қоғам мен мемлекет тарапынан ерекше сенім білдіру болып табылады және мемлекеттік қызметшілердің моральдық-әдептілік бейнесіне жоғары талаптар қояды.

Қоғам мемлекеттік қызметшісі өзінің барлық күш-жігерін, білімі мен тәжірибесін өзі жүзеге асыратын кәсіби қызметіне жұмсайды,



өзінің Отаны – Қазақстан Республикасына қалтқысыз әрі адал қызмет етеді деп сенеді.

Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің осы әдеп кодексі (Мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп қағидалары) (бұдан әрі – Кодекс) Қазақстан Республикасының Конституциясына, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» 2015 жылғы 23 қарашадағы, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы Қазақстан Республикасының заңдарына, жалпы қабылданған моральдық-әдептілік нормаларына сәйкес мемлекеттік қызметшілердің моральдық-әдептілік бейнесіне қойылатын жалпы қабылданған талаптарды, сондай-ақ олардың мінез-құлқының негізгі стандарттарын белгілейді.

Кодекс халықтың мемлекеттік органдарға сенімін нығайтуға, мемлекеттік қызметте өзара қарым-қатынастың жоғары мәдениетін қалыптастыруға және мемлекеттік қызметшілердің әдепсіз мінез-құлық жағдайларының алдын алуға бағытталған.

Әдеп кодексі мемлекеттік қызметшіге шындыққа сәйкес келмейтін мәліметтерді таратпауға; мемлекеттік меншіктің сақталуын қамтамасыз етуге, өзіне сеніп тапсырылған мемлекеттік меншікті, автокөлік құралдарын қоса алғанда, ұтымды, тиімді және тек қызметтік мақсатта ғана пайдалануға; қызметтік тәртіпті бұлжытпай сақтауға, өзінің қызметтік міндеттерін адал, бейтарап және сапалы атқаруға; жұмыс уақытын ұтымды және тиімді пайдалануға міндеттейді. Сондай-ақ, әдеп кодексінде мемлекеттік қызметшілердің қызметтен тыс уақытта қоғамға жат мінез-құлық көрсетуге, қоғамдық орындарда адамның қадір-қасиетін кетіруге және адамгершілікке нұқсан келтіретін масаң күйде жүруіне жол берілмейді.

Мемлекеттік қызметші әдепті болуға міндетті!

А.Т.НҮРТАЗИНА,
Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызмет істері Министрлігінің Қостанай облысы бойынша Департаментінің мемлекеттік қызмет саласындағы бақылау басқармасының бас маманы

КӘСІПКЕРЛІК ОРТАДА СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА
ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ ТУРАЛЫ

2016 жылдың 10 тамызында Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері министрлігінің Қостанай облысы бойынша департаменті Қостанай облысының «ГрИн» ҚҚ Азаматтық альянсымен бірлесіп, «Азаматтық бақылау» жобасы шеңберінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі аймақтық кәсіпкерлер форумын өткізді.

Форумға Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері министрлігінің Қостанай облысы бойынша департаментінің, бизнес-қоғамдастық өкілдері, мемлекеттік қызметкерлер, бұқаралық ақпарат құралдары қатысты.

Департаменттің ағымдағы жұмысы туралы Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері министрлігінің Қостанай облысы бойынша департаменті басшысының міндетін атқарушысы Ә.М. Досекенов баяндама жасады. Қазақстан Республикасы қаржы министрлігінің Қостанай облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаментінің ішкі қауіпсіздік басқармасының басшысы А.М. Байлин мемлекеттік кірістер мекемелерінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы сөз сөйледі.

Қостанай облысы әкімдігінің кәсіпкерлік және индустриалдық – инновациялық даму басқармасының кәсіпкерлік бөлімінің басшысы Д.В. Петрухно шағын және орта кәсіпорындарды мемлекеттік қолдау шаралары туралы айтып, Кәсіпкерлікті дамыту қорының халыққа қызмет көрсету орталығының бизнес-кеңесшісі Юрий Эмануилиди кәсіпкерлерді мемлекеттік қызмет істері министрлігінің Қостанай облысы бойынша департаментінің сыбайлас жемқорлықты алдын алу басқармасының бас маманы



кет қолдау тақырыбын жалғастырды. Мамандардың ақпараты өте мазмұнды және пайдалы болды, кәсіпкерлер екінші деңгейлі банктер арқылы несие алудың кедергілері жайында сұрақтар қойды.

Жас кәсіпкерлер клубының президенті З.Г. Кокжанова форумның қатысушыларына клубтың қызметі туралы ақпарат берді, оның баяндамасы да мемлекет пен бизнестің әлеуметтік әріптестігі туралы қатысушыларды қызықтырды, сонымен қатар бизнес мектебінің арнайы курстары немесе сыныптан тыс іс-шараларды ұйымдастыруда қажеттілігін білдірді.

Мендікара ауданының табысты кәсіпкер Р.Ю. Беккер 20 жылдық тәжірибелік табыс тарихымен, оның қиындықтарымен және ауыл шаруашылық кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдаудың нақты мүмкіндіктерімен бөлісті.

Форумның соңында Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері министрлігінің Қостанай облысы бойынша департаменті және Қостанай облысының «ГрИн» ҚҚ Азаматтық альянсы атынан Ә.М. Досекенов «Беккер Р.Ю.» шаруашылық қожалығы басшысына алғыс хат тапсырды.

О.МУСТАФИНА,
ҚР Мемлекеттік қызмет істері министрлігінің Қостанай облысы бойынша департаментінің сыбайлас жемқорлықты алдын алу басқармасының бас маманы

«Құжаттарды автоматты ЖИС «Е-қызмет» енгізу

Осы жылдың 12 тамызында ҚР Мемлекеттік қызмет істері министрлігінің Қостанай облысы бойынша департаментінде облыстық басқармалар кадр қызметі, қалалық және аудандық біріншілік персоналды басқару қызмет өкілдерімен ЖИС «Е-қызмет» енгізу туралы жұмыс семинар-кеңес өтті.

Іс-шара барысында ЖИС

«Е-қызмет» проблемалық мәселелер жайында сұрақтар талқыланды, ақпараттық жүйеде жұмыс барысында туындайтын қателерді жою бойынша ұсыныстар енгізілді.

Семинар барысында жақын арада кадр қызметкерлеріне ЖИС «Е-қызмет» жұмыс белсенділігін арттыру және мүмкіндігінше аталған қателерді жою, сондай-ақ жүйе жұмысында құжаттарды

енгізу автоматты режимде ғана қамтамасыз ету жүктелді.

Д.Б.АХМЕТЖАНОВ,

ҚР Мемлекеттік қызмет істері министрлігінің Қостанай облысы бойынша департаментінің сыбайлас жемқорлықты алдын алу басқармасының бас маманы

«Сыбайлас жемқорлықсыз ел - гүлдеген ел» тақырыбына Банк ЦентрКредиттегі дөңгелек үстел



Осы жылдың 11 тамызында ҚР Мемлекеттік қызмет істері министрлігінің Қостанай облысы бойынша департаменті басшысының міндетін атқарушысы Ә.М. Досекенов «Сыбайлас жемқорлықсыз ел-гүлдеген ел» тақырыбына дөңгелек үстел шеңберінде «Банк ЦентрКредит» АҚ Қостанай филиалының ұжымымен кездесті.

Іс-шара аясында Ә.М. Досекенов ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының негізгі ережелерін, «Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы» механизмдерінің жүзеге асуы туралы кездесу қатысушыларын хабардар етті.

Сондай-ақ, Ә.М. Досекенов сыбайлас жемқорлықты алдын алудың жаңа тетіктері азаматтық қоғам, бизнес, квази және жекеменшік секторларын кеңінен тартумен құқықтық қарым-қатынастардың барлық салаларында енгізілгендігін атап өтті.

Тыңдалған ақпарат тыңдаушылар арасында қызығушылық танытты және банк қызметкерлері мемлекетпен жүргізіліп жатқан сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатына қолдауда ниетін білдірді.

Д.АХМЕТЖАНОВ,
ҚР Мемлекеттік қызмет істері министрлігінің Қостанай облысы бойынша департаментінің сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу басқармасының бас маманы

«ТАБИҒИ ЖЕР САЛАСЫНДАҒЫ РҰҚСАТТАМА ҚАҒАЗДАР ТУРАЛЫ»



2016 жылдың 12 тамызында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері министрлігінің Қостанай облысы бойынша департаменті Экология, индустриалдық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік департаменті, сондай-ақ Қостанай облысының атом энергиясын бақылау және қадағалау Комитетінің аумақтық департаменті өкілдері-мен кездесу өткізді.

Кездесу барысында қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік қызметтер көрсетуде проблемалық мәселелерді, соның ішінде рұқсаттама құжаттарды беру кезінде, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықты алдын алу мәселелері талқыланды.

Кездесу аясында мемлекеттік қызметтер көрсету жүйесін жетілдіру бойынша тиісті ұсынымдар енгізілді.

Д.АХМЕТЖАНОВ,
ҚР Мемлекеттік қызмет істері министрлігінің Қостанай облысы бойынша департаментінің сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу басқармасының бас маманы

ЖАРАМСЫЗ ДЕП ТАНЫЛСЫН

04.07.1970 жылы туған Какиржанова Айгүл Темирбековнаға 04.08.2015 жылы берілген №038854102 жеке куәлік жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

ЖАРАМСЫЗ ДЕП ТАНЫЛСЫН

2013 жылдың 30 шілде, №105 әкімнің қаулысымен жабылған Амангелді ауданы әкімдігінің білім беру бөлімінің Кіндікті жалпы білім беретін бастауыш мектебінің тұрақты жер пайдалану құқығын беретін актісі №0029989 жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

«ҚАЗТЕЛЕРАДИО» АҚ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ «KAZSAT-3» ЖЕРСЕРІГІНЕ КӨШЕДІ

Дамыған елдер ақпараттық қоғам тұрғызып жатқан заманда телерадиоарналар – қоғамның рухани дамуына, экономикалық өсіміне, әлеуметтік тұрақтылық пен азаматтық институттардың дамуына барынша ықпал ететін маңызды ақпарат құралдары атанды. Қазақстан Республикасында бірегей ақпараттық кеңістік құру аясында, телерадиоақпарат таралымын ең алдымен азаматтың конституциялық құқығы мен еркіндігі тұрғысынан қарастыру қажет. Соңғы 5 жылда электрондық ақпарат құралдары мен жаппай коммуникацияны өндіру және тарату саласында бірқатар өзгерістер болды. Негізінен жерсеріктік телерадиоақпарат тарату желісінің дамуы, аналогтық жүйеден цифрлық желіге көшу, цифрлық ағымдарды сығу, кодтау және мультиплексиялау, интерактивті қызметтердің пайда болуы, Ғаламтор желісі мен ұялы байланыс дамуына байланысты өзгерістер.

Барлық мемлекеттер ең алдымен байланысты тәуелсіз етуге тырысады, өйткені байланыс – мемлекетті басқарудың маңызды жүйесі.

Қазақстан Республикасының Ұлттық операторы «Қазтелерадио» АҚ

өзінің цифрлық телеарналарының хабар таратуын шетелдік жерсеріктен отандық жерсерікке көшіруді бастады. Ұлттық «KazSat» жүйесі қазақстандық операторлардың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін жасалған еді. Телекоммуникациялық «KazSat-3» ғарыш аппараты байланыс, телерадиоақпарат тарату және Қазақстан мен жақын шетелдерге жоғары жылдамдығы Интернет жеткізу қызметтерін қамтамасыз етуге бағытталған. Енді барлық цифрлық телеарналар қазақстандық «KazSat-3» жерсерігінің байланыс арналары арқылы өтетін болады.

«KazSat-3» жерсерігі арнайы телерадиоақпарат тарату үшін жобаланған, әрі еліміздің барлық аумағына теле-визияны таратуға жағдай жасайды. Сонымен қатар жүйе еліміздің ақпараттық қауіпсіздігін арттырып, мемлекеттік органдарды тәуелсіз байланыс арналарымен қамтамасыз етеді, шетелдік жерсеріктерді жалға алуға қаражат ағымын тоқтатады. KazSat-3 жерсерігінде жиіліктің Кудиапазонындағы 28 транспондер орнатылған, олар Қазақстан аумағын байланыс қызметімен қамтамасыз етеді.

Бүгінгі таңда еліміздің түкпір-түкпірінен 1 миллионнан астам үй шарушылығы «Отау TV» желісіне қосылған, ал бұл 4 миллион астам қазақстандық үшін телеарналар мен радиостансаларды тыңдайтын ақпарат көзі – «OTAU TV» жерсеріктік телерадиоақпарат тарату желісі деген сөз. Барлық абоненттер үшін қондырғыны күйге келтірген кезде 58,5 градусқа жаңа геостационарлық позиция тіркелуі керек.

Көрсеткіштер Қазақстанның барлық жерінде қосымша арналар көре алады. Отандық жерсерікке көшудің арқасында цифрлық арналар қолжетімді болады.

Отандық өндірісті қолдау бағдарламасын Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев жариялаған болатын, бағдарлама мемлекеттің дағдарысқа қарсы саясатының маңызды бір бағыты болып табылады.

Әлемдік экономиканың қазіргі ахуалында жаңа отандық өндірістердің пайда болуын күшейту керек. «Қазақстандық өнімді таңда!» немесе «Қазақстанда жасалған» – жай ғана патриоттық ұран емес, әрбір қазақстандықтың өз болашағына, өскелең ұрпақтың келешегіне қосқан үлесі деп бағалауға болады.

БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІКТІҢ ЖАҒАНДЫҚ ИНДЕКСІ

Қазақстанның экономикалық жағдайын жақсарту үшін халықаралық рейтингтер аясында жүргізілген реформалардың мәні айтарлықтай жоғары. Өтпелі рейтингтер нәтижесі міндеттер мен проблемаларды классификациялауға, идентификациялауға, оларды мемлекет пен экономиканы тиімді стратегиялық басқару үшін қолдануға мүмкіндік береді.

Дүниежүзілік экономикалық форумның Жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексі 119 көрсеткіштен құралады. Оның 34-і статистикалық мәліметтер қорытындысы бойынша, қалғаны еліміздің орта және ірі кәсіпорындары жетекшілеріне сауалдама жүргізу нәтижесі бойынша есептеледі. 119 көрсеткіш ішінен бәсекеге қабілетті 12 фактор анықталады:

Жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексінің әмбебап екенін көрсететін тағы бір дәлел - онда тек экономикалық көрсеткіштер ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік сфера, елдегі мемлекеттік басқару

институттарының даму деңгейіне баға берілуінде. Елдегі әлеуметтік салалардың дамуы жолында айтарлықтай көп шаралар атқарылып келе жатқанын айта кету керек. Нақтырақ айтсақ, білім беру және денсаулық сақтау салаларын дамытуға арналған мемлекеттік бағдарламалар, халықты жұмыспен қамтуға бағытталған салалық бағдарламалар жүйелі түрде іске асырылуда. Алайда, әлеуметтік салада атқарылатын шаралардың тиімділігін негізінен ұзақ мерзімде байқалатынын айта кеткен жөн. Дегенмен, Қазақстанда 2020 жылға дейінгі дамудың Стратегиялық жоспары аясында атқарылып келе жатқан шаралар жемісін бере бастағаны да белгілі. Негізгі көрсеткіштер бойынша Қазақстан дамыған елдер деңгейіне жетпесе де, ел экономикасында айтарлықтай оң өзгерістер бар. Мысалы, елде бизнестің дамуына қолдау көрсету бағытында «Бизнестің жол картасы - 2020», «Жұмыспен қамтудың жол картасы - 2020» сияқты

бағдарламалар іске асырылып келеді. Сонымен бірге басқа салалық бағдарламалардың басым бөлігінде шағын және орта бизнестің дамуына субсидия және несиелер түріндегі қаржылық қолдау көрсету шаралары қарастырылған. Бизнес климаты оңтайландыру бойынша бірқатар заңдарға өзгеріс енгізілді. Сонымен қатар әлемдегі алдыңғы қатарлы елдердің тәжірибесіне жасаған талдау елдің бәсекелестік қабілетінің тұрақтылығын сақтайтын факторлардың бастысы – елдегі институттық тетіктер екенін көрсетеді. Осыны ескере отырып, қазір біздің елімізде де оңтайлы мемлекеттік басқару аппаратын қалыптастыру бағытында көптеген шаралар атқарылып келе жатқаны белгілі. Стратегиялық жоспарлардың жүзеге асырылуы – бұл бәсекеге қабілеттілік рейтингінде біздің еліміздің беделін арттырудың тиімді тәсілі болып табылады.

Амангелді аудандық әділет басқармасы.

«Амангелді ауданы әкімдігінің білім беру бөлімінің Бүйректал жалпы білім беретін орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі директорының бас лауазымына орналасуға конкурс жариялайды

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: жоғары педагогикалық білім және білім беру ұйымдарындағы педагогикалық жұмыс өтілі кемінде 5 жыл, оның ішінде басқарушылық қызметте кемінде 1 жыл болуы тиіс. Білуге міндетті: Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі, «Неке және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі, Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы», «Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы», «Қазақстан Республикасында мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы», «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы», «Арнайы әлеуметтік қызмет туралы», «Кәмелетке толмағандардың арасындағы құқық бұзушылықтар мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» Заңдарын және басқа да білім беруді дамытудың бағыттары мен келешегін айқындайтын нормативтік құқықтық актілерді, педагогика мен психология негіздерін, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын, педагогика, педагогикалық психология, педагогикалық ғылым мен практиканың жетістіктерін, менеджмент негіздерін, қаржы-шаруашылық қызмет туралы заңнамаларды, еңбек туралы, еңбекті қорғаудың, техника қауіпсіздігі және өртке қарсы қорғандық ережелері мен нормаларын, санитариялық ережелер мен нормаларды.

Лауазымдық міндеттері: «Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 Бұйрығының 4-бөлімі жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің 27.12.2013 № 512 бұйрығымен енгізілген лауазымдық міндеттері.

Лауазымдық жалақысы еңбек сіңірген жылдарына байланысты 78398 теңгеден 95033 теңгеге дейін

Конкурс ҚР Білім және ғылым министрлігінің 21 ақпан 2012 жылғы №57 «Орта білім беру ұйымдарының басшысы лауазымына конкурс өткізу туралы Ережесіне» сәйкес өткізіледі.

Құжаттарды қабылдау мерзімі аяқталған соң бес жұмыс күні ішінде конкурстық комиссия қатысушының біліктілік талаптарына сәйкестігінің бағалауын жүзеге асырады. Комиссия үш жұмыс күні ішінде конкурсқа қатысушыларды біліктілік талаптарына сәйкестігі жайлы мәлімдейді, біліктілік талаптарына сәйкес келетін конкурсқа қатысушыларды кандидат ретінде бекіту, әңгімелесу өтетін күні, уақыты және орны туралы хабардар етеді.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар тізбесі:

- 1) Конкурсқа қатысу туралы тиісті үлгідегі өтініш;
- 2) нотариалды куәландырылған жеке тұлғаны куәландыратын құжат көшірмесі;
- 3) нотариалды куәландырылған білім туралы құжат көшірмесі;
- 4) нотариалды куәландырылған еңбек кәтапшасының көшірмесі;
- 5) бұрынғы жұмыс орны кадр қызметі куәландырылған кадрды есепке алу жөніндегі жеке парақ;
- 6) бар жазалар мен көтермелеулерді көрсете отырып бұрынғы жұмыс орнынан өндірістік мінездемесі;
- 7) нотариалды куәландырылған бар біліктілік санат немесе ғылыми дәрежесі туралы құжат көшірмесі;
- 8) медициналық тексеруден өтуі туралы құжат;
- 9) сотты болмағандығы туралы анықтама ұсынуы қажет.

Аталған құжаттардың бірінің болмауы конкурсқа қатысушылардың құжаттарын қайтарудың негіздемесі болып табылады. Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар конкурсты өткізу туралы хабарландыру бұқаралық ақпарат құралдарының ресми баспасында жарияланған уақыттан бастап 15 күнтізбелік күн ішінде Амангелді селосы, Дүйсенбін көшесі 23 үй мекенжайы бойынша берілуі қажет. Анықтама телефоны: 87144021244

Құттықтаймыз!

Мерейтой - 50 жас!



Байғабыл ауылының тұрғыны, отбасымыздың тірегі, жолдасына адал жар, балаларына аяулы ана, немерелеріне ардақты әже болған **Гүлнар Өмірғалиқызы ДОСМАҒАНБЕТОВА** 20 тамыз күні өміріндегі айтулы мереке 50 жасқа толады. Мерейтой иесін шын жүрегімізден құттықтап, бақытты да ұзақ өмір, зор денсаулық және әкеміз екеуі бірге балалары мен немерелерінің қызық-қуаныштарын молынан көрулерін тілейміз.

Анажан, құтты болсын 50-іңіз, 50-ге аман-есен келуіңіз! Тілегі әкеміздің, ұл-қызыңның, Гүл жайнап бақытты өмір сүруіңіз.

Біз Сізді алақанда аялаймыз, Перзенттік махаббатты аямаймыз. Сағынсақ туып-өскен шаңырақты, Әкеміз бен өзіңізді саялаймыз!

Құттықтаушылар: жолдасы Жұмабек, қыздары Асем, Аружан, Аяжан, Қабырғұл, ұлдарыңыз Мерей, Жаңабай, күйеубалаңыз Бахтияр, жиендеріңіз Сүндет, Нұрасыл.

Құттықтаймыз!

ТУҒАН КҮНІҢМЕН, ӘКЕ!

Анамызға адал жар болған, өзімізге асқартаудай әке болған Байғабыл ауылының тұрғыны **Жұматай СӨЙДІЛДӨУЛЫН** 20 тамыз - туған күнімен құттықтап, біздер үшін ерекше құрметті, ерекше ардақты әкемізге өмірдегі барлық жақсылықты тілейміз. Ғұмыр жасы ұзақ, өмірі бақытты, денсаулығының зор болуына шын жүректен тілектеспіз.

Әке, сіздің бізге ерекше жөніңіз, Адал еңбек болды әмән жолыңыз. Нағыз еңбек адамы деп Жұматай, Құрметтейді Байғабылдай еліңіз.

Өзіңізге қарыздармыз, білеміз, Әуақытта ардақтаумен келеміз. Қартаймаңыз, бізге өмір сыйлаған, Әке, сізді сондай жақсы көреміз!

Мәнді әрі ұзақ болсын өмірін, Арта берсін ағайынға қадірін. Аялаймыз анамыз бен сізді біз, Биік болсын әр уақытта тұғырың!

Құттықтаушылар: зайыбыңыз Қапуза, балаларыңыз Нұргүл-Еркін, Руслан-Гүлзат, Жасұлан, Айнұр-Базар, Дастан, Камшат, немерелеріңіз Сержан, Асылан, жиендеріңіз Айым, Кәусәр, Айзере, Айдар.

ХАБАРЛАМА

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Ұлттық бюросының (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің) Қостанай облысы бойынша Департамент басшысының орынбасары А.Б.Беркімбаевтың қатысуымен Арқалық аймағы бойынша ауданаралық бөлімінде азаматтарды қабылдау 2016 жылдың 24 тамыз айында сағ. 10-00-ден сағ. 12-00-ге дейін өтеді. Мекен жайымыз: Арқалық қаласы, Абай көшесі 29. Кабинет №302.

Тел: 7-26-53 арқылы 2016 жылдың 24 тамызына дейін хабарласуға және қабылдауға жазылуыңызға болады.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

24.08.2016 года с 10-00 часов до 12-00 часов заместителем руководителя Департамента Национального бюро по противодействию коррупции (Антикоррупционной службы) по Костанайской области Беркімбаевым А.Б. будет производиться прием граждан по адресу г.Арқалық, проспект Абая, 29 в здании акимата каб.№302 МОПК по Арқалыкскому региону.

Предварительная запись на прием по указанному адресу и по телефону 7-26-53 до 24.08.2016 г.

АТАМЫЗДЫҢ АСЫНА ШАҚЫРАМЫЗ

Ардақты атамыз **Жабағы СӘТҮЛЫ** 1880 жылы туып, 1935 жылы дүниеден өтті. 55 жыл өмір сүрді. Артында мол ұрпағы қалды. Бүгін біздер атамыздың аруағына тағзым ете отырып, марқұмның туғанына 135 жыл толуына орай Ас беріп, дұға оқытпақпыз.

Атамыздың Асы **2016 жылдың 27 тамызы күні Аманкелді селосындағы «Елдар» кафесінде сағат 12-де** беріледі.

Асқа барша туыстарымызды, іліктерімізді, нағашыларымызды, жиендерімізді, яғни атамызды және әке-шешемізді білетін, олар сыйласқан кісілерді шақырамыз.

Құрметпен - ЖАБАҒЫ АТА ұрпақтары.



Бірде бал, бірде у беріп, өтеді өмір,
Бақты да, қайғыны да көтере біл.

Әбілқасым ФИРДОУСИ

Тәуелсіздіктің құрдасы, дәуірдің алғыр сырласы, жанымнан артық көретін жан балам-ай - Даниярым-ай, дара туған, арман қуған Данашым-ай, сенің жүрегің соқпағалы, ата-анаң үшін өмірдің тойы тоқтағалы үш жыл. Содан бері Тәуелсіздіктің көк байрағы желбіреген Елдің де, ел қамын жеген ердің де, өзіңсіз өкісіп жүрген маңдайының соры бес елі сормандай ата-анаңның да басынан талай жайлар өтті. Жарық дүние дейтін жалғанда армансыз адам жоқ. Төрт құбыласы түгел кім бар дейсің? Болды, толды дейтін, сырт көзге бақытты дейтін пенденің де ең болмағанда жүректі өртер бір өкініші болады. Жарты әлемді жаулап алған Шыңғыс ханның да өзекті өртеген өкініші көп еді. Қаһарынан қара жер қалтыраған Наполеон да: «Мен бақытты бола алмадым» деп жазыпты. Бір кем дүние.

Сол кемдік сенің артында уақытша қалған, әзірше бір жығылып, бір тұрып қалт-құлт етіп жүрген, өзіңнен ада-сып, сорлап қалған сорлы әкең менің де басымда бар. Осынша жасқа келгенше талайды бастан өткердім. Тас кедергі тағдыр мені отқа да салды, тасқын суға да лақтырды. Бірақ отқа да жанбадым, суға да батпадым. Дара туған даналығымнан емес, әрине. Алла тағаланың өмірімен тура келген сан ажалдан аман қалдым. Бұрынғыларын өзің де білесің, Данашым! Сен өмірден озғаннан кейінгісін айтсам алдымен бір Алланың, сосын Президент Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың арқасында осы жылы наурыз айының 16 жұлдызында Сеулде күрделі операция жасатып, тағы бір ажалдан аман қалдым. Ол жайлы ел газеті «Егемен Қазақстанда» жарияланған «Сакура гүлденгенде» атты жолжазбада (1.04.2016 ж.) баяндадым.

Осы жолдарды ауруханада жазып отырмын. Алда аяққа жасалатын өте күрделі тағы бір операция тұр. Құдай қаласа, одан да аман қалармын деген үмітім бар. Ендігі ең басты арман – сол сыннан аман өтіп, қаламыммен өзіңе – ұлға ғана емес, ұлтқа да қызмет ету. Аңаң екеуміз өзің жайлы үш кітап және сосын «Махаббат пен мейірімнен өрілген өмір» - атты деректі кино шығардық. Сенің өмірден озғанына тамыз айының 17 жұлдызында үш жыл болады. Соған орай ас беріп, құран оқытамыз, құдай қаласа. Тәтті өтіріктен ащы шындық артық.

Ащы да болса ашығын айтайын, анаңның жағдайы менен де ауыр. Өзін емес, өзгені ойлаумен өтіп жатқан өмір оған оңайға соққан жоқ. Жанұяның бар ауыртпалығын бір өзі көтерумен келе жатқан ол ең алдымен сені ойлайды, менің барлық жағдайымды жасап, нәп-нәзік болып, ауыр жүкті бір өзі

Сәбит ДОСАНОВ —

жазушы, ҚР Мемлекеттік және Махмұд Қашқари атындағы «Түрік әлеміне сіңірген аса зор еңбегі үшін» Халықаралық сыйлықтарының иегері.

«ҚҰЙРЫҚТЫ ЖҰЛДЫЗ СЕКІЛДІ...»

арқалаумен денсаулығын да әлсіретіп алды. Өзіңнен адасып қалғалы көзінің жасы бір құрғаған жоқ. Соның салдарынан сол көзі мүлдем көрмейді қазір. Оң көзі де күн сайын нашарлап барады.

«Дүниеде ана махаббатынан қасиетті нәрсе жоқ. Оның алдында адамда ынтықтырушы өзге дүниелер әлсіз» деп жазыпты Виссарион Белинский. Бауыр еті баласына өзіне деген махаббаты шексіз екенін бір АЛЛАҒА аян. Шексіз сүйіспеншілік пен шексіз қайғы қабырғасын қайыстырған анаңның қалтыраған қаралы қаламынан өзіңе арналған толық бір кітап болатын жыр жолдары туды. Соның бір үзіндісі:

**Какими на свете словами,
Мне описать эти муки,
Это ночные страдания,
Бессонные ночи мои.**

Ата-ана есімімен қатар тұратын екі аяудымның бірі - өзің, бірі - сенің анаң, менің баға жетпес бақытым Құралай Ахметқызы Аккошқарова екенін өзгелер біле бермес, өзің білесің, Данашым, менің басты бақытым.

Күн сайын кеміп бара жатқан Құралайдың денсаулығы, жатсам – тұрсам тілейтінім соның амандығы. Ол бар болса - мен де бармын, ол жоқ болса - мен де жоқпын өмірде. Оған деген қарызым шашымнан көп. Сол қарызымның жүзден, бәлкім мыңнан бірін өтеу үшін де, ең бастысы ұлға да, ұлтқа да қызмет ету үшін алдағы аса ауыр операцияны сәтті өткізе көр деп тілеймін АЛЛА Тағаладан.

Өзіміз жайлы өзіңе берген қысқа есебіміз осы. Ең басты – Елдің жайы ғой. Қысқа қайырсам, ел аман, жұрт тыныш. Елбасы Тәуелсіздіктің байрағын нық ұстап келеді. Тәуелсіздігіміздің мәңгілік болуы үшін сенің достарың, Тәуелсіздік құрдастары, солардың қатарында жанып сүйген жан жарың Анжелика Досанова да жемісті еңбек етіп жүр.

Осынша жасқа келгенше талайды бастан өткердім. Бал да таттым, у да іштім бұл өмірде. Сонын бәрін саралап, салмақтап келгенде күні кешеге дейін бақытты едім мен бейбақ. Мені асу бермес асқарларға алып ұшқан қос қанатым бар еді. Оның бірі – қаннан да қымбат, жаннан да тәтті - Тәуелсіздік, бірі өзің едің Данашым!

**Бүкіл әлем маған қарап тұрғандай,
Өзің барда бақытты едім мен қандай!
Қас-қағымда өте шықты-ау сол бір сәт
Енді, міне, әкең сенің сормандай.**

Жанымнан артық көретін Даниярым-Данашым. Сені жоғалту ата-анаң үшін бауыр еті баласын жоғалту, ел үшін Тәуелсіздіктің мәңгілігі үшін қызмет ететін жас қайраткерді жоғалту.

Қайғы жұтып, қансыраған жүректі тұз сепкендей онан сайын ауыртатын тағы бір ауырлық сен мен сияқты қатардағы көп пенденің бір емес, дара туған дана едің. «Жаратқанның пендесіне берілген үлкен сыйы – оның артында қалатын жақсы аты, мейірімділігі мен қайырымдылығы» депті Сағди.

Сен өте мейірімді, аса қайырымды едің, Данашым. Сол қайырымдылығыңмен сексендегі селкілдеген кейуана Алтын-

ды ажалдан алып қалғаныңды ел әлі күнге дейін сыр ғып, жыр ғып айтып жүр.

**Мир держится на добрых людях,
Не на агрессии и зле.
И если доброты не будет,
То ничего не будет на земле,**

- деп жазыпты Андрей Дементьев. Иә, қайырымдылық жасаудан асқан қасиет жоқ. Жан дүние жасауларыңдағы өзге байлықты айтпағанда осы аса қайырымдылығың өзі бітімі бөлек бекзаттығыңды танытып тұрушы еді-ау, Даниярым.

Адамзаттың анасы – қасиетті қара жерді жаратқан, көк күмбездей төңкерілген алып аспанды шегесіз орнатқан, нұрлы, сырлы Ай мен Күнге, жымыңдаған сансыз жұлдыздырға жан-жағына үнсіз сәуле шашқызыған күдіретті күшті, мейірім шапағы шексіз Алла тағала толқын-толқын боп келетін әр ұрпаққа әрқилы тағдыр сыйлаған. Азаттықты аңсап өткен, бостандық үшін жан қиған бабалар мен солардың аяулы арманын арқалаған аяулы аға ұрпақтың жүгі аса ауыр болды. Ал, Тәуелсіздік құрдастары сендер, Данашым, уақыттың өзі туғызған, заманның биік талабына сай білімді, жігерлісіңдер. Ең бастысы – Тәуелсіздік таңы атқанда өмірге келіп, егемен елдің ұланы болып ер жеткен Тәуелсіздік құрдасы сенің достарың басына бақ қонған бақытты буынсыңдар. Дей тұрсақта, қуанышы мен қайғысы қапталдасып қатар жүретін өзі тәтті, діні қатты өмір қашан өкінішсіз болған. Тәуелсіздік құрдастарының ғана емес, халықтың қабырғасын қайыстыратын өзекті өртер бір өкініш – Тәуелсіздік туғызған қанатты жастардың кемел келешегіне жете алмай, өмірден ерте озуы. Соның бірі – осыдан үш жыл бұрын адамзаттың дұшпаны арсыз ажал тым ерте алып кеткен сен едің Данашым! Тағы бірі әйгілі әнші Еркеш Шакеевтің күні кеше өмірден озған аяулы ұлы, талантты жас Сафар.

**Наша жизнь - это зал ожидания,
От младенчества и до седин.
Сколько всяких наук выживания,
А исход непременно один,**

- деп жазыпты Булат Окуджава. Ал, Владимир Высоцкий:
**Возвращаются все, кроме
лучших друзей,
Кроме самых любимых
и преданных женщин.
Возвращаются все, кроме тех,
кто нужен,**

- дейді. Осы жыр жолдарымен жарыса ойға Анна Ахматованың:

**Все кого ты правду любила,
Живым останутся для тебя,**

- деген ойлы жыры да оралады. Үш түрлі тағдыр иесі үш ақынның үндескен үні менің көз алдыма сенің ойлы, мұңлы көзінді, нұр төгілген нұрлы, жұмсақ, жылы жүзінді алып келді. Сол сәт өзінді сағынған сорлы жүрек сыздап, дене мұздап сала берді. Даниярым – Данашым! Сондай қиын сәтте қаламыма



сүйенемін. Сондай сәттерде туған жыр жолдарының бір үзіндіде:

**Айналып барам зомбига,
Ұқсаймын қаңғыбасқа да.
Тамақтан тамақ өтпейді,
Тәбет жоқ таңғы асқа да.**

**Жылауменен өтетін,
Күнге де төзіп келемін.
Табыттай ауыр ой басқан,
Түнге де төзіп келемін.**

**Көкбөрі құсап ұлимын,
Күйіктен ішім өргеніп,
Тірі өлік болып жүрмін мен,
Аяулы ұлым ерте өліп,**

- деп жаздым. Сені ойласам көз алдыма сенің құрбы достарың - Тәуелсіздік құрдастары келеді көз алдыма. Соған орай:

**Уақыттың жазбайтын,
Жоқ дейді ғой жарасы.
Бұл сөз бізге жүрмейді,
Улы уайым улаған
Түрімізге қарашы.
Көрге бәрге түседі,
Бізбен бірге бұл жара,
Өмірге сосын келеді,
Жаңа ұрпақ гүл жара
Солмасын деп сол гүлдер,
Көз жасыменен суарам.
Тәуелсіздік болса мәңгілік
Көрде жатып та қуанам,**

- деп жаздым. Иә, келешек жастардікі! Жүрегі Ел деп соққан Тәуелсіздік құрдастары, олардың ізің басып, өмірге сосын гүл жара келетін жаңа бір ұрпақ жас құрақтай жайқалып өсіп, Тәуелсіздікке тәу етіп, ел еңсесін еңбегімен, талантымен биіктей бермек. Ендігі үміт соларда.

Алланың нұры түскен, айналайын Даниярым – Данашым, сені сағынып, шыбын жаным шырқырағанда сыздаған жаралы жүрегімді жұбататын бір жай – еліміздің ертеңіне деген сенім. Ол сенімнің серігі, тірегі жастар. Сенің қатар құрбы-достарың - Тәуелсіздік құрдастары! Кеңестің шекпенінен шыққан біз сияқты жалтақ, жасқаншақ емес, рухы асқақ ұлтшыл, елшіл, мемлекетшіл, халықшыл. Тәуелсіздіктің мызғымас мықты тірегі де, елдің ыстық жүрегі де, қазақ халқының келешегін кемел ететін де солар. Сендер аман болындар, жүрегі ел деп соққан, Даниярым – Данашымның жан Достары - Тәуелсіздік құрдастары!

Алматы
10.08.2016

АМАНКЕЛДІ АРАЙЫ

Бас редакторы - Х.Қ.МҰСАБАЕВ

Меншік иесі: «Аманкелді арайы» газеті редакциясы ЖК. Газет 2016 жылдың 15 ақпаны күні Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігі мемлекеттік кірістер комитетінде тіркеуден өткізіліп, серия 3920 №0000415 куәлігі берілді. Редакция оқырман хаттарына, жарнама мен хабарландырудың мәтініне жауап бермейді, оларды қайтармайды. Газетте жарияланған автор пікірі редакция көзқарасын білдірмейді. Аптасына 1 - рет шығады. Көлемі екі баспа табак. Таралымы - 1800 дана. Тапсырыс - 1700

Тарихи анықтама: газет 1935 жылдың 15 маусымынан бастап шығады. Газет редакцияның компьютерлік орталығында теріліп, беттелді. «Аманкелді арайында» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өзгертіп, сілтемесіз басуға болмайды. Мекен-жайымыз: Аманкелді селосы, Б.Майлин көшесі 14, 2 - қабат, 201 - 202 бөлмелер. Телефондар: (8714-40) 2-38-10. 2-10-57 Газет Қостанай қаласы, С.Мәуленов көшесі №16, «Қостанай-полиграфия» ЖШС баспаханасында басылды.